

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

Зан және Заман

ЖУРНАЛЫ

АКАДЕМИЯ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ
ПРИ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ISSN 1606-4194

№3 (243) мамыр-маусым, 2023

12+



РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ФОРУМ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОБВИНИТЕЛЕЙ



ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНДА ПРЕЗИДЕНТТІК РЕЗЕРВ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ КУРСТАРЫ ӨТТІ



ИНДЕКСІ: 75860

Таралымы: 500 дана.

1996 жылдан бастап жарыққа шығып келеді. Жылына 6 рет шығарылады. Жарияланымдар тілі – қазақ, орыс, ағылшын.

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫҢ ТӨРАҒАСЫ:

М. Сексембаев,

Академияның ректоры

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

Ә. Шындалиев,

ҚР Бас Прокурорының орынбасары;

Ж. Элиманов,

ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы;

С. Қаныбеков,

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департамент басшысы;

Г. Шушикова,

Академияның проректоры-ВФЗИ директоры;

М. Акаев,

Академияның КОИ директоры;

С. Сапаралиева,

Академияның ЖООКББИ директоры, з.ғ.к, доцент;

С. Исаева,

Академияның Ардагерлер кеңесінің төрайымы.

БАС РЕДАКТОР:

С. Темірболатов,

прокуратураның құрметті қызметкері.

РЕДАКЦИЯ:

Л. Ксеубаева,

Академия бөлімінің аға прокуроры;

К. Муканова,

Академия бөлімінің инспекторы;

Б. Сағымбеков,

Академия Институтының бас ғылыми қызметкері.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010078, Ақмола облысы

Қосшы қаласы

Республика көшесі, 94

сайты: zan-zaman.kz

7171402@prokuror.kz



ЖУРНАЛЫ

№3 (243) мамыр-маусым, 2023

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

**МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУШЫЛАР ФОРУМЫ /
ФОРУМ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОБВИНИТЕЛЕЙ**

Б. Асыллов. Приветственное слово	2
А. Чиндалиев. Проблемные вопросы и меры по развитию государственного обвинения	3
Д. Найманова. Симуляционный тренинг Форума	6

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА
50 ЖЫЛ / 50-ЛЕТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПРОКУРАТУРЫ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ**

Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевтың құттықтауы	8
С. Калимова. Поздравления моим коллегам с юбилеем.....	9
Р. Құттықов. Облыстық прокурормен сұхбат	10
Маңғыстау (Маңғышлақ) облысы прокуратурасының қалыптасуы	12
Қ. Сатыбалды. Мұражайдан сыр шертсек.....	15
А. Көшев. Ұрпақтар сабақтастығы	18

СЕЙІТОВТИҢ 100-ЖЫЛДЫҒЫ / 100-ЛЕТИЕ СЕЙТОВА

Х. Дәуешов. «Өмірі өнегеге айналған Өтеген аға».....	19
Е. Курманалинов. Путь длиною в жизнь	23

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ /
АНТИКОРРУПЦИОННАЯ СЛУЖБА**

А. Базарбаева. О последних законодательных поправках в сфере противодействия коррупции (<i>продолжение</i>)	25
---	----

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ / МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ

М. Шамұратов. Кешенді жоспар – келешегіміздің қамы.....	29
---	----

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ / ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА

Б. Жакупов. Справедливость, юридическая помощь и судебная защита.....	32
---	----

АКАДЕМИЯДАҒЫ ОҚЫТУ / ОБУЧЕНИЕ В АКАДЕМИИ

Д. Өтепов. Электрондық қылмыстық іс модулімен жұмыс істеу дағдыларын оқыту әдістемесі	34
---	----

АКАДЕМИЯНЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ / МЕРОПРИЯТИЯ АКАДЕМИИ

З. Калмурзина. «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы.....	36
---	----

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ /
МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО**

Д. Кулманова. Обучение прокуроров за рубежом	38
--	----

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркелген, 2018 жылғы 21 мамырдағы №17114-Ж тіркеу куәлігі.

Қолжазбалар қайтарылмайды. Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Материалдарды басқа басылымдарда қолдануға редакцияның жазбаша келісімінен кейін ғана рұқсат етіледі. Ұсынылған материалдардың шынайылығына автор жауапты. Журнал ақпараттарын пайдаланған кезде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.



Құрметті әріптестер, қонақтар!

Заңды, әділ әрі негізді айыпты қолдау – іс бойынша дұрыс шешімнің және адам құқығын қорғаудың кепілі.

Бұл конституциялық міндет прокурорларға ерекше жауапкершілік жүктейді.

Мемлекеттік айыптаушылар қоғам мен ақпарат құралдарының ерекше назарында екені белгілі.

Олардың кәсіби біліктігіне қарап халық жалпы прокуратура органдарына баға береді.

Сондықтан бұл Форумды біз мемлекеттік айыптаудың деңгейін көтеруге арнап отырмыз.

Бүгінгі Форумға Президенттің Әкімшілігі Басшысының орынбасары Жиенбаев Ержан Нұрланұлы, Жоғарғы Соттың төрағасы Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлы, Конституциялық және Жоғарғы Соттардың судьялары, Республикалық адвокаттар алқасының басшылығы, Бас және аймақтық прокуратуралардың қызметкерлері қатысуда.

Уважаемые коллеги, цель сегодняшнего мероприятия – обсудить проблемы и дальнейшие шаги по повышению качества государственного обвинения.

Вопросов по этой отрасли надзора накопилось достаточно.

Основная роль государственного обвинителя – это поддержание обвинения в суде и обеспечение принципа неотвратимости наказания.

Хотел бы акцентировать внимание участников Форума именно на правозащитной роли государственного обвинителя. На том, чего больше всего от него ждут наши граждане.

Гособвинитель не должен безоговорочно поддерживать позицию досудебного расследования. Его основная задача помочь суду разобраться – виновен или невиновен подсудимый.

Прокурор в суде обязан быть справедливым, объективным и беспристрастным.

Для этого он должен безупречно владеть материалами дела, грамотно вести допросы, умело донести до суда свою позицию, ясно и четко излагать свои мысли.

После представления гособвинителем доказательств ни у одного участника процесса не должно оставаться сомнений в их объективности.

Если прокурор будет грамотным и убедительным, ему будут доверять, жалоб и критики станет меньше.

В то же время есть и объективные причины в ненадлежащем качестве гособвинения. Это, прежде всего, нехватка кадров.

По республике основная нагрузка по гособвинению приходится на прокуратуры районного звена. 90% судебных процессов проходит с их участием.

В ряде регионов на 2-3 судей приходится по одному гособвинителю.

При этом перечень дел, рассматриваемых судом присяжных, расширяется.

С 1 июля заработает новый порядок рассмотрения дел в апелляции.

Нагрузка на гособвинителей будет только расти.

Качественно решить эту проблему могло бы увеличение штата процессуальных прокуроров.

Они доказали свою эффективность, участвуя по громким и резонансным делам.

Так называемый «сквозной принцип», когда прокурор сопровождает и знает дело с самого его возбуждения и до вынесения приговора, себя оправдывает.

Эти и другие вопросы предлагается обсудить на площадке Форума и выработать рекомендации по их решению.

Участникам Форума желаю активной и плодотворной работы!

Приветственное слово Генерального Прокурора Республики Казахстан Берика Асылова на Форуме государственных обвинителей 25 мая 2023 года



ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ И МЕРЫ ПО РАЗВИТИЮ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОБВИНЕНИЯ



Генеральной прокуратурой Республики Казахстан 25-26 мая 2023 года проведен Форум государственных обвинителей. Предлагаем Вашему вниманию выступление Заместителя Генерального Прокурора Республики Казахстан Асета Чиндалиева.

Глава государства в Послании народу Казахстана, озвученном в сентябре 2020 года, отметил, что стране нужна такая модель прокуратуры, которая обеспечивала бы своевременную защиту прав граждан и отвечала высоким международным стандартам.

Тогда же Президент дал поручение внедрить в Казахстане «трехзвенную модель» с четким разделением полномочий:

«Полиция должна выявлять преступления, устанавливать причастных лиц, собирать и закреплять улики. Прокуроры – давать независимую оценку этим доказательствам, пресекать нарушения прав граждан, не допускать вовлечение добросовестных граждан в процессы, поддерживать обвинение в суде. Суд – рассматривать жалобы на действия и выносить окончательный вердикт по делу».

Таким образом, перед органами прокуратуры поставлены четкие задачи по обеспечению защиты конституционных прав граждан в уголовном процессе, в том числе на ее судебной стадии.

Мы постепенно начали отходить от обвинительного уклона. Сегодня уже не редки примеры улучшения положения осужденных либо их оправдания по инициативе прокурора.

Только за прошлый год по протестам Генерального Прокурора улучшено положение 121 осужденного. Это в 5 раз больше показателя 10-тилетней давности. В этом году по нашей инициативе в сторону смягчения пересмотрено уже 65 приговоров.

В целом, на сегодняшний день поддержание государственного обвинения является одной из ключевых функций органов прокуратуры. Специфика ее состоит в том, что она сочетает в себе как функции уголовного преследования, так и правозащитную роль.

То есть прокурор должен использовать все свои процессуальные полномочия и законные методы для доказывания вины подсудимого, однако, если он придет к выводу, что таких доказательств нет или они добыты с нарушением закона, то должен отказаться от обвинения, обеспечивая тем самым защиту законных прав участников процесса.

Ведь прокурор, как государственный обвинитель, независим от материалов досудебного расследования.

Никто кроме гособвинителя не вправе изменить в суде объем обвинения. В этом и кроется его особый статус, как участника процесса, а, следовательно, и большая ответственность.

Еще в Древнем Риме существовала известная формула: «Без обвинителя нет и судьи». При отсутствии обвинителя дело не начиналось даже при наличии преступления.

В Древней Греции поддержание обвинения в государственных процессах рассматривалось как служение обществу, почетная обязанность. В речах греческих ораторов той эпохи нередко встречаются упреки, что такой-то общественный деятель «никогда не обвинял».

И сегодня поддержание государственного обвинения требует от прокуроров особой подготовки, высокой квалификации и профессиональных навыков.

Собрать доказательства и показать их в суде недостаточно. Нужно уметь отстоять позицию обвинения, быть убедительным и красноречивым.

Для этого необходимы два условия:

Первое. Профессиональная подготовленность прокурора: знание законов, наличие логического мышления и ораторских навыков, знание психологии людей и другие личностные качества.

Второе. Подготовка к судебному процессу: тщательное и скрупулезное изучение материалов дела, имеющих доказательства, умение оперировать фактами, прогнозировать позицию сторон и вырабатывать четкую тактику поддержания обвинения.

То есть прокурор в суде должен быть не только хорошим юристом и оратором, но и стратегом, а также умелым тактиком.

Поэтому для выполнения задач, поставленных Главой государства, объективно требуется создание когорты высококвалифицированных, опытных прокуроров, способных эффективно осуществлять функцию представительства интересов государства в суде. Из них будет сформирован Пул государственных обвинителей.

Сегодня на постоянной основе поддержание гособвинения закреплено за 514 сотрудниками прокуратур. 390 из них участвуют в судах районного и городского звена. При этом каждый десятый из них имеет стаж менее одного года.

Отсюда несколько проблем:

Первое, нехватка штата гособвинителей.

Ежегодно прокуроры поддерживают гособвинение в судах по 30 тысячам уголовных дел.

Это 30 тысяч судебных процессов разного уровня сложности.

Как уже было сказано, на всю судебную систему страны приходится чуть более 500 гособвинителей, в среднем, по одному прокурору на 2-3 судей.

Ежедневно они поддерживают обвинение по нескольким делам.

Основная нагрузка приходится на прокуратуры районного звена. В некоторых из них гособвинители помимо уголовного процесса, задействованы и по линии надзора по гражданским делам, следствия, за исполнением уголовного наказания и т.д., не говоря о таких проблемах, как логистика и обеспечение транспортом.

К примеру, в Алакольском районе области Жетысу 2 суда в разных населенных пунктах. Один в райцентре (г. Ушарал), второй в 70 км от райцентра, в селе Кабанбай. В первом суде – трое судей, во втором – двое. При этом в районной прокуратуре всего один помощник – гособвинитель, который вынужден ездить в оба суда.

В Шемонаихинском районе ВКО один сотрудник по линии УСО на четырех судей.

Такая загруженность мешает тщательной подготовке к процессу, изучению материалов дела, своевременной вы-

работке позиции гособвинителя, что неизбежно сказывается на качестве надзора.

Помимо этого, ощутимо расширились дела с участием присяжных.

С 1 января текущего года – с 14 до 34-х составов (25 статей).

С 2024 года с их участием планируется рассматривать ещё ряд тяжких преступлений (47 составов, 34 статьи).

В итоге, количество дел с участием присяжных, в среднем, возрастет с 40 до 250-300 дел в год по республике.

Таким образом, исходя из нагрузки и расчета численности населения каждого региона, в том числе городов республиканского значения (всего 22 региона, каждому региону от 3 до 15 единиц), есть острая необходимость увеличения штатной численности гособвинителей.

Второе. Проблема качественной организации надзора по уголовным делам в судах.

С 1 января текущего года расширен перечень дел, рассматриваемых судом присяжных.

С июля апелляция будет проверять приговоры в полном объеме. Решения там будут приниматься по существу, без возврата дел в первую инстанцию.

В своем недавнем выступлении перед вновь избранным Парламентом Глава государства поручил повысить роль адвокатов путем предоставления им доступа к делу с момента начала расследования.

Это повысит состязательность сторон, а, следовательно, ошибки следствия будут неизбежно вести к оправданию, в том числе и виновных лиц.

Решить эту проблему может увеличение штата процессуальных прокуроров. Участвуя в следственных действиях с самого начала досудебного расследования, процессуальные прокуроры знают все нюансы уголовного дела. Соответственно, они наиболее подготовлены к судебному процессу и их КПД выше, чем у прокуроров, вступивших в процесс после поступления дела в суд.

Это мнение поддерживается и Верховным судом.

Однако решение этой проблемы возможно только при увеличении штата сотрудников прокуратуры.

А пока нами предлагается пересмотреть организацию взаимодействия между Первым и Вторым Управлениями, как на областном уровне, так и в городских, и в районных прокуратурах.

В частности, необходимо на постоянной основе практиковать ротации сотрудников между подразделениями следствия и УСО.

Это позволит «следственникам» научиться видеть наиболее частые ошибки следствия, а также перспективу дела в суде, «судейники», в свою очередь, смогут привнести в надзор за следствием непредвзятый «судейский» взгляд на расследуемое дело.

Не менее важным является налаживание на местах надлежащего взаимодействия с адвокатским сообществом.

Прокурорам следует научиться «слушать» и «слышать» своих процессуальных оппонентов. Ведь, по сути, у нас

всех одна цель – это установление объективной истины по делу и защита прав граждан.

Нередко своевременная и правильная реакция на жалобы и ходатайства адвокатов позволяет избежать процессуальных ошибок и упущений следствия.

В текущем квартале нами запланирован анализ судебно-следственной практики по вопросу соблюдения прав граждан на защиту в уголовном процессе.

Третье. Проблема подготовки и обучения государственных обвинителей.

Одной из важных задач, которую мы постоянно ставим по линии УСО – это организация непрерывного обучения и повышения квалификации гособвинителей.

К сожалению, сегодня этот процесс носит циклический, непостоянный характер. Каждый организует это обучение, как может. В большинстве случаев оно сводится к лекциям по субботам. Большой пользы от них нет.

Поэтому предлагается отраслевой Службе совместно с Академией правоохранительных органов систематизировать и унифицировать процесс обучения государственных обвинителей, разработав Единый стандарт их обучения и подготовки.

Документ должен содержать обязательный набор требований к подготовке гособвинителей. Чтобы все прокуроры действовали по единому алгоритму.

В заключение хотел бы кратко остановиться на такой важной теме, как цифровизация прокурорской деятельности.

Сегодня многие процессы в стране переходят в электронный формат. Не стал исключением и уголовный процесс. Свыше 90% уголовных дел ведется в электронном формате. Это позволило значительно облегчить уголовное судопроизводство.

В Верховном Суде помимо этого внедрена и успешно работает информационная система «Торелик», Министерством юстиции активно реализуется проект информационной системы «Е-Заңкемегі». Эти системы призваны

автоматизировать и облегчить судебную и адвокатскую деятельность.

Государственные обвинители в свою очередь используют систему «Заңдылық», которая показала высокую эффективность на первом этапе ее внедрения. Однако, сегодня ее функционал ограничен, устарел и не подлежит дальнейшему развитию.

Прокуроры «по старинке» ходят на процесс с кипой бумаг, кодексами, используют бумажные графики и надзорные производства.

В этой связи актуальным является вопрос разработки и внедрения информационной системы «Мемлекеттік айыптаушы», которая позволила бы автоматизировать работу гособвинителей.

2-ая Служба совместно с Комитетом правовой статистики и с учетом мнения территориальных прокуратур разработала проект данной системы.

С ее помощью можно будет формировать электронное надзорное производство, выверять позицию гособвинителя в прениях, выявлять ошибки, получать уведомления о сроках опротестования, иметь доступ к судебно-прокурорской практике, составлять аналитику и видеть нагрузку гособвинителей.


В своем выступлении я остановился на наиболее актуальных проблемах гособвинения.

Было бы интересным услышать по ним мнения гостей Форума, что позволило бы выработать оптимальные пути их решения.

Все предложения по улучшению качества гособвинения будут изучены и учтены при принятии окончательных рекомендаций Форума.

Надеюсь, что этот Форум станет площадкой для конструктивного диалога и обмена опытом, даст положительный импульс дальнейшему развитию и повышению качества гособвинения, а также уголовного судопроизводства в целом.





СИМУЛЯЦИОННЫЙ ТРЕНИНГ ФОРУМА



ДИНАРА НАЙМАНОВА,

*Профессор кафедры прокурорского надзора
Института профессионального обучения Академии,
старший советник юстиции*

Государственное обвинение является одним из направлений прокурорской деятельности. Способствовать вынесению судом справедливого, законного и обоснованного итогового решения по уголовному делу является одной из задач, поставленных перед государственными обвинителями.

По своей сути поддержание государственного обвинения – это подведение итогов уголовного преследования. Здесь участие двух сторон – обвинения и защиты обеспечивает реализацию принципа состязательности и равноправия сторон в уголовном судопроизводстве.

Учитывая роль и функции прокурора при участии в судах первой инстанции, Генеральной прокуратурой Республики Казахстан 25-26 мая 2023 года организован и проведен Форум государственных обвинителей.

Второй день Форума проведен на базе Академии правоохранительных органов с организацией симуляционного тренинга – моделирование судебного процесса с присяжными заседателями.

Целью тренинга явилось совершенствование навыков поддержания государственного обвинения и выступления перед присяжными заседателями.

Судьей выступила председатель специализированного межрайонного суда по уголовным делам г. Астаны Кульбаева Айжан Адиловна, имеющая значительный опыт работы с присяжными. Помимо ведения процесса, судьей были даны комментарии по отдельным проблемным вопросам суда присяжных, а также наставления, как качественно обеспечивать поддержание государственного обвинения.

Роли государственного обвинителя, адвокатов, подсудимых, свидетелей, а также кандидатов в присяжные

сымитировали слушатели Академии по программе первоначальной профессиональной подготовки, впервые поступающие на службу в органы прокуратуры.

В ходе игрового процесса продемонстрированы частично процедура отбора присяжных заседателей, судебного следствия и первой части прений.





В начале тренинга перед прокурорами была поставлена задача в части выявления уголовно-процессуальных нарушений, специально отработанных и допущенных в ходе тренинга. Впоследствии эти нарушения обсуждены и предложены наиболее оптимальные пути их устранения непосредственно на судебном заседании.

В процесс тренинга на этапе формирования вопросов, подлежащих обсуждению присяжными в совещательной комнате, были вовлечены участники Форума. Прокуроры приняли активное участие и поделились своим практическим опытом участия в судах с присяжными заседателями, в том числе в правильном формулировании основных и частных вопросов.

Подчеркнуто, что государственный обвинитель должен обладать инициативой, упорством, настойчивостью, целеустремленностью и организаторскими способностями. Знание материалов уголовного дела и процессуальных норм свидетельствуют о грамотности гособвинителя.

Выбор уголовного дела для симуляционного тренинга – незаконный оборот синтетического наркотика – был не случайным. Дела данной категории представляют определенную сложность даже при рассмотрении единоличным составом суда, поскольку процесс доказывания хранения наркосодержащих веществ в крупном или особо крупном размере в целях сбыта является трудоемким и сложным. Львиная доля процесса доказывания вины возлагается на обвинителя.

Моделирование судебного разбирательства с участием присяжных заседателей связано также и с расширением с января 2023 года перечня особо тяжких преступлений, подсудных указанному суду. В их число вошли и особо тяжкие преступления в сфере незаконного оборота наркотических и психотропных веществ.

С января следующего года число дел увеличивается еще рядом тяжких преступлений. Эти новшества связаны с тем, что Глава Государства в своем Послании

народу Казахстана еще в марте 2022 года отметил о необходимости расширения участия граждан в отправлении правосудия. И, особенно отмечено, о достижении справедливого правосудия по уголовным делам, рассматриваемых судом присяжных.

Стоит отметить, что привлечение гражданского общества к правосудию способствует демократизации судебной системы, повышению доверия к ней со стороны общества.

Это говорит о том, что прокуроры, которые будут принимать участие в суде присяжных, должны быть готовы к любому событию.

На Форуме отмечалось, что приговор суда с участием присяжных заседателей может быть отменен только по существенным процессуальным нарушениям.

Учитывая, что на Форум были приглашены гособвинители со всей республики, самые опытные и активные прокуроры охотно поделились своим опытом и высказали мнение о необходимости постоянного совершенствования навыков поддержания государственного обвинения в судах с участием присяжных заседателей.

По завершении второго дня Форума были отмечены особо отличившиеся прокуроры, поддержавшие качественно обвинение по резонансным делам с вручением им памятных подарков. Наиболее активным участникам данного мероприятия вручены дипломы.

В целом проведение симуляционного тренинга положительно отмечено всеми участниками Форума.

С начала текущего года Академией проведены подобные выездные тренинги для прокуроров Карагандинской и Жамбылской областей.



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 50 ЖЫЛ



НҰРЛАН НОҒАЕВ,
Маңғыстау облысының әкімі

Өркениетті қоғамға ұмтылған әр мемлекеттің басты құндылығы адам және оның өмірі. Ал қоғам мен адам қауіпсіздігіне жауап беретін органдардың бірі – прокуратура. Заң талаптарының сақталуын қадағалау, азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау прокуратура органдарына жүктелген аса маңызды міндет.

Ұлы дала тарихындағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» сынды дала заңдары егемен еліміздің тарихи құндылықтары. Кемел келешек кепілі саналатын тәуелсіз еліміздің Конституциясы адам және оның құқығы, еркіндігі, ой мен сөз бостандығының толық көрінісі.

Қоғамдық қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңдардың барлығы осы Ата заңымыздан бастау алады. Ел дамуының қағидаты да осы заң аясынан алыстаған емес. Заң шеңберінде өмір сүру еліміздің бостандығы мен еркіндігінің кепілі.

Жарты ғасыр уақытты артқа тастап, биыл Маңғыстау облысының прокуратурасына 50 жыл толып отыр. Талай белестер мен асуларды бағындырған облыс прокуратурасы қай кезеңде болмасын өзінің ерекше рөлімен, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде еліміздің тірегі болғаны ақиқат.

Маңғаз өлке Маңғыстаудың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып, өзіндік мәртебесін биік ұстап келе жатқан прокуратура ұжымы ғибратты білім ордасы. Өйткені облыс, республикадағы ең мықты деген кадрлар осы жерден тәлім-тәрбие алып, тәжірибе жинайды. Олардың есімдері мен еселі еңбектері кейін тарих бетінде қатталып, кейінгі ұрпаққа үлгі болады.

Құрметті Прокуратура органдарының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді 50 жылдық мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Елдегі конституциялық тәртіп пен заңдылықты сақтауда, мемлекеттің қарқынды дамуын қамтамасыз етуде елеулі жетістіктерге қолжеткізуде сіздердің сіңірген еңбектеріңіз бен қосқан үлестеріңіз мол. Халық сенімін қалыптастырудағы еңбектеріңіз абыройлы болып, толайым табысқа жете беріңіздер. Азаматтардың бостандығы мен әлеуметтік-экономикалық құқығын қорғап, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау жолында атқарып жүрген ерен еңбектеріңіз жемісті болсын!

ПОЗДРАВЛЕНИЯ МОИМ КОЛЛЕГАМ С ЮБИЛЕЕМ



САУЛЕ КАЛИМОВА,
*председатель Совета ветеранов
 органов прокуратуры
 Мангистауской области*

В преддверии 50-летнего юбилея поздравляю всех ветеранов и сотрудников прокуратуры Мангистауской области с этим замечательным событием! Желаю больших успехов в выполнении задач по укреплению законности, на благо дальнейшего развития суверенного Казахстана.

Свой профессиональный путь в органах прокуратуры я начала с Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по Мангистауской области в качестве прокурора отдела. В 2002 году была назначена помощником прокурора Мангистауской области по надзору за законностью оперативно-розыскной деятельности. Начиная с 2005 года до выхода на заслуженный отдых (пенсия) проработала в основном в кадровой службе.

В далеких 2000-х годах штат прокуратуры Мангистауской области состоял из 138 оперативных работников. В настоящее время в областной прокуратуре работают 144 оперативных и 8 административных государственных служащих.

Численность населения области за 20 лет выросла на 2,5 раза с 338 612 тысяч до 766 956 тысяча человек.

Оценивая пройденные этапы, нельзя не отметить значительный вклад конкретных людей в становление

и развитие прокуратуры Мангистауской области, под руководством которых я проработала в этой прокуратуре, это: Сартаев Дастан Шаймерденович, Адилхан Асет Малгаждарович, Досекенов Аскар Адиханович, Бекбосун Сабыржан Мадиевич.

В период их руководства было много ярких моментов и примеров качественной и результативной работы, которым были даны высокие оценки на республиканском уровне.

За время службы мне на пути встречались замечательные люди, у каждого из них я научилась чему-то новому.

С доброй теплотой вспоминаю своего первого руководителя и наставника, ныне почетного ветерана органов прокуратуры Маматову Сайдину Зупияновну, у которой я всегда находила поддержку и понимание. Ее характер, принципиальность, профессионализм, расстановка кадров, воспитание молодого поколения позволяет все больше и больше уважать и ценить такого руководителя.

Как сотрудник кадрового обеспечения прокуратуры могу с уверенностью сказать, что позитивные результаты надзорной деятельности достигнуты благодаря образцовому исполнению служебных обязанностей сотрудников органов прокуратуры.

Проявляя высокий профессионализм и преданность служению закону, мои коллеги в настоящее время активно пресекают любые нарушения закона и восстанавливают нарушенные права граждан, защищают интересы государства и общества, максимально используя предоставленные законом полномочия для утверждения и дальнейшего развития идей правового государства.

Сейчас для сотрудников прокуратуры созданы все условия для работы. Была построено новое здание, все кабинеты оснащены новой техникой и мебелью.

Следует отметить и работу нынешнего прокурора области Куттыкова Руфата Бауыржановича, который постоянно поддерживает тесную связь с ветеранами органов прокуратуры.

В свете проводившихся за прошедшее время правовых реформ прокуратура Мангистауской области, пройдя непростой путь становления и развития, всегда достойно обеспечивала правовой порядок, надежно защищая интересы государства и общества, и по сегодняшний день продолжает в современных условиях с честью выполнять свою ответственную миссию по обеспечению законности.



ОБЛЫСТЫҚ ПРОКУРОРМЕН СҰХБАТ

РУФАТ ҚҰТТЫҚОВ

Маңғыстау облысының прокуроры

С.: ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың ҚР прокуратура органдарына жасаған өзгерістері, қойған талаптары қандай?

Ж.: Ең бастысы прокурорлар Конституция және заңдардың үстем тұруын қамтамасыз етуі, азаматтардың құқығы, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңмен көзделген мүддесін қорғауы қажет.

Биыл елімізде бірқатар тағдыршешті өзгеріс болып жатқанына бәріміз де куәміз.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында заңдылықты арттыру және құқық қорғау қызметін жүйелі түрде күшейту үшін прокуратура туралы Конституциялық заң қабылдау талап етілетіні атап өтілді.

Осы орайда өткен жылдың 5 қарашасында Мемлекет басшысы бірқатар заңға жария түрде қол қойды. Олардың бірі – Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Конституциялық заңы.

Жаңа Конституциялық заңда прокурорлық қадағалау тетіктері нығайтылады, олар құқықтық қатынастарға қатысушылардың барлығының азаматтардың құқығы мен бостандықтарын, бизнес, қоғам мен мемлекеттің мүддесін тиімді сақтауына әсер етеді.

Прокуратура органдарының құқық қорғау әлеуетін күшейтуге оның қарауына жататын өтініштер санаттарының тізбесін нақтылау жөніндегі прокуратураның құзыретін заңнамалық деңгейде бекіту, заңдылықты сақтау жөніндегі тексерулерді, сондай-ақ прокурорлық қадағалаудың өзге де құралдарын тағайындау тәртібін қайта қарауда ықпал ететін болады.

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауындағы талап осындай. Атқарып жатқан жұмысымызды халыққа жеткізуіміз керек. Ашықпыз, сол бағытта жұмыс жүргіземіз.

С.: «Өткенсіз болашақ жоқ». Маңғыстау облысы прокуратура органдарының өз тарихы, органның дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғалар бар. Осы азаматтар туралы айтсаңыз?

Ж.: Дұрыс айтасыз, жарты ғасырлық тарихы бар облыс прокуратурасының ұжымында заңдылық пен әділдіктің басты қағидаларын нығайтуға теңдессіз үлес қосқан бірнеше прокурор буыны өзгерді.

Облыстың бірінші прокуроры болып 1973-1977 жылдары Нұрмағамбетов Әбдіқадыр Ибенұлы қызмет атқарды.

Әбдіқадыр Ибенұлы жаңадан құрылған Маңғыстау облысының прокуратурасын қалыптастырып, республикаға ғана емес, Одақ бойынша алғы шепке сүйреген шын мәніндегі білікті де тәжірибелі заңгер болғандығын архив құжаттарынан, ардагерлердің естеліктерінен білуге болады.

Кейін облыс прокуратурасын екі конституциялық мерзім – 10 жыл бойы Ғұбайдуллин Рахметолла Ғұбайдуллаұлы басқарды.

Прокуратура органдарында тынбай атқарған қызметі үшін «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталды, оған «Прокуратураның құрметті қызметкері» атағы берілген.

Маңғыстау облысының прокуратура органдарында қызмет еткен соғыс ардагерлері аз емес. Атап айтқанда, Исабаев Әбдіқадыр, Екібаев Бердіхан, Көшев Хасан, Аманшин Сабыр Сәлімұлы, Колесников Василий Василевич, Куропятник Анатолий Никифорович, Портнягин Александр Анеподистович.

Олардың ерлігі – өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Мұрағаттық құжаттарға сүйенсек, Ақтау қаласының бұрын прокуроры болған Колесников Василий Василевич 17 жасында өз еркімен майданға кетіп, ерлігі үшін III-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен, 8 медальмен марапатталған.

Ол Ақтау қаласының прокуроры лауазымында 10 жыл қызмет атқарған.

Бірқатар жауынгерлік марапат бұрынғы Форт-Шевченко қаласының прокуроры Екібаев Бердіханға берілген.

50 жыл ішінде прокуратура жұмысында көптеген жаңашылдық өзгеріс болды, тәсілдер жаңарды, ақпараттық технологиялар күнделікті қызметімізді жеңілдетті.

Сонымен қатар облыс прокуратурасы органдарының негізгі іргетасының берік қалануына Сауле Райқызы Қалымова төрағалық ететін ардагерлер кеңесінің де қосқан өзіндік зор үлесі бар.

Ардагерлеріміз атаулы күндерді мерекелеуге орай өтетін іс шараларда жас қызметкерлердің ант беру салтанатты рәсімдеріне белсенді қатысып, өздерінің тәжірибесін үнемі бөлісіп отырады.

Өмірінің ең жақсы жылдарын Заңға қызмет етуге арнаған ардагерлерге ерекше алғыс айтамыз.

С.: ҚР Бас Прокуроры облыстық прокурорларды 3 не 5 жыл сайын әр облысқа ауыстырып отырады. Сіз осы облысқа прокурор болып тағайындалған соң жұмысыңызды неден бастадыңыз?

Ж.: Біріншіден, мен осы лауазымға келгеннен кейін облыс тұрғындары арасында жеке қабылдау жүргізіп, жергілікті ақсақалдармен кездесіп, қоғамдық-саяси, қылмыстық ахуалды, халықтың әл-ауқатын білу үшін облысымыздың аудандарына іс-сапармен бардым.

Бүкіл республикамыз бойынша қарағанда Маңғыстау өңірі төрт мемлекетпен шектесіп жатыр. Сол себептен бұл өңірдің өзіндік ерекшеліктері баршылық. Атап айтар болсақ, экологиялық ахуал, еңбек даулары, көші-қон ағынының ұлғаюы және т.б.

Осы негізде бұл мәселерді шешуге қызмет етіп жатырмыз. Құзырлы органдарға және қала, аудан прокурорларына тиісті тапсырмалар беріліп, осы бағытта жұмыстар атқарылып келеді.

Аптасына бір рет сейсенбі күні облыс прокуратурасында қабылдау жүргіземін. Халықпен тығыз байланыс орнатудамыз.

С.: Өзіңізді ұлтжанды, патриот азаматпын деп ойлайсыз ба? Болашақта прокурор боламын деген жастар өз алдына қандай мақсат қою керек деп ойлайсыз?

Ж.: Әрине, әр азамат өзінің елі үшін қызмет етуі керек. Және патриоттықты көзбояушылыққа салмай, елге пайда тигізетіндей, мемлекетіміздің дамуына ат салысу қажет.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексіне сәйкес патриоттық, ерлік пен адал ниеттілік, парасаттылықты және өзін-өзі құрбан ету, адамның мұқтаждығы мен қайғысына көңіл бөлу, борышқа адалдық – барлық құқық қорғау органдарының басшыларына қойылатын талап.

Осы талаптарды мызғымай сақтау менің міндетім.

Және болашақ прокурорларға да осы қағидамен жүруді ұсынамын, жалпы білімін және мәдени деңгейін үнемі жоғарылатуға, жан-жақты дамуға, білімді, сауатты болуға ұмтылу қажет деп ойлаймын.

Өз тарапымыздан жас мамандарға кәсіби дағдыларды меңгеру үшін қолдау көрсетуге әрдайым дайынбыз.

С.: Маңғыстау облысының прокуратура органдарымен қандай жұмыс атқарылып, қандай нәтижелерге қол жеткізілді?

Ж.: Облыс аумағында қылмыс деңгейі 28,2 пайызға төмендеді.

Үш буынды моделдің бірінші кезеңі бойынша прокурорлар адам құқығы мен бостандықтарына қатысты барлық негізгі процестік шешімдерді қарап, өз келісімдерін беріп жатыр.

Прокурорлармен жаңа форматта аса ауыр санаттағы істер бойынша 2023 жылы 7 және сыбайлас жемқорлық істері бойынша 6 айыптау актісі жасақталып, сотқа жолданған. Барлығы бойынша айыптау үкімдері шығарылған.

Қоғамдық мүдделерді қорғау саласында 9 мыңға жуық азаматтың құқығы қорғалған, 108 тұлға әр түрлі жауаптылыққа тартылды.

Мемлекетке 1 млрд теңге құрайтын мүлік қайтарылды.

Жер саласында құны 250 млн теңге құрайтын 13 га жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

338 кәсіпкердің құқығы қорғалып, шектеу сипатындағы 155 шараның дереу күші жойылған. Прокуратураның араласуымен 3,7 млн теңгеге қарыздар өтелген.

Прокурорлық қадағалау актілерімен 177 млн теңгеге алимент өндіріліп, 23 қасақана төлемеушіге қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Еңбек даулары өңірдің ең өзекті мәселесіне айналған және оған қатысты прокурорлармен «Еңбек жанжалдарының бейбіт шешімі» жобасы жүзеге асырылып жатыр.

Жоба аясында прокурорлар 24 мыңнан астам жұмысшысы бар 30 кәсіпорынның еңбек ұжымымен кездесті.

Қадағалау барысында 60-қа жуық жұмысшының 15 млн теңгеге жуық еңбекақысының өндірілуі қамтамасыз етілді.

С.: Прокуратураның алға қойған мақсаттары жайында айтсаңыз.

Ж.: Жоспар көп. Ең бірінші азаматтардың конституциялық құқығын қорғау, кәсіпкерлердің жүйелі мәселелерін шешу, экология саласында кездесетін заңдылықты бұзушылықтарды жою, пайдаланылмайтын жер учаскелерін мемлекетке қайтару бағытында жұмыстар жалғасын табатын болады.

Сонымен қатар қылмыстық жүйені модернизациялаудың үш деңгейлі моделін ойдағыдай іске асыру бойынша жұмысты нығайтамыз.

Прокуратура қызметкерлерінің алдына қойылар мақсат көп және өзгеріссіз қалатыны – заң үстемдігін қамтамасыз ету.

Осы орайда, әріптестерімді Маңғыстау облысы прокуратурасының 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Жауапкершілігі зор қызмет жолында жасап жатқан қызметтеріңіз абыройлы, еңбектеріңіз табысты, мерейлеріңіз үстем болсын!

МАҢҒЫСТАУ (МАҢҒЫШЛАҚ) ОБЛЫСЫ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ



Х. Оңғалбаев



Ж. Омаров

Маңғыстау облысы прокуратурасының тарихына үңілсек, 1923 жылғы 1 қаңтарда Адай уезінің прокуратурасы (Адай уезінің революциялық комитетінің 30.12.1922 жылғы №85 бұйрығы негізінде) құрылған. Оның штаб-пәтері Форт-Александровск қаласында болған (қазіргі Форт-Шевченко қаласы). Республика прокурорының 05.03.1923 жылғы №15 бұйрығы негізінде Адай уезінің прокуратурасы Ақтөбе губерниясы прокурорының қарауында болған.

Адай уезінің бірінші прокуроры Хажы Оңғалбаев болды – өте адал, принципшіл, ұстамды, өз ісіне берілген жоғары білімді, өнегелі отбасынан шыққан азамат еді. Ол 20 жасында адай жеріндегі жоғарғы қадағалау органын басқарды. Хажы Оңғалбаев тұрмыстағы қылмыстар, мал ұрлығы қылмысымен күрес жағдайына, прокурорлық қызметкерлердің ел алдында сөйлеу мәселелеріне және жазалау тәжірибесін талдауға баса назар аударды.

Х. Оңғалбаевтан кейінгі прокурор Жұмағали Омаров болды. Округ тарағанға дейін бұлардан басқа прокурордың және прокурордың көмекшілерінің міндеттерін Қ. Бағдәулетов, О. Дауылов, А. Құлшаров, О. Нұрмұхамедов, Қ. Мәтжанов, Н. Ташкенбаев, т.б. атқарған.

1973 жылы Маңғышлақ облысының ашылуына байланысты облыстық прокуратура құрылды, оның құрамына Шевченко (қазіргі Ақтау), Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалалық, Бейнеу, Ералиев және Маңғыстау аудандарының прокуратуралары кірді.

Облыстың бірінші прокуроры болып 1973-1977 жылдары Нұрмағамбетов Әбдіқадыр Ибенұлы қызмет атқарды. Әбдіқадыр Ибенұлы жаңадан құрылған Маңғыстау облысының прокуратурасын қалыптастырып, республикаға ғана емес, Одақ бойынша алғы шепке сүйреген шын мәніндегі білікті де тәжірибелі заңгер болатын. Оған «Прокуратураның құрметті қызметкері», «Еңбегі сіңген заңгер» атақтары берілді.

Ә. Нұрмағамбетовтен кейін облыс прокуратурасын екі конституциялық мерзім – 10 жыл бойы Ғұбайдуллин Рахметолла Ғұбайдуллаұлы басқарды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Бас прокуроры болып тағайындалған Тұяқбаев Жармұхан Айтбайұлы 1987-1988 жылдары Маңғыстау облысының прокуроры болып тәжірибе жинаған болатын.

Ал Әділет министрі, Жоғарғы Сот кеңесінің төрағасы болған Жұмабеков Оңалсын Исламұлы да 1990-1994 жылдары Маңғыстау облысының прокуроры болған.

Алдыңғы толқынның ізін қуған прокурорлар Тәліпов Қабдылмәжит Шаймарданұлы, Кәрім Әбдіқадыр, Сартаев Дастан Шәймерденұлы, Әділхан Әсет Малғаждарұлы, Досекенов Асқар Әдиханұлы, Ерімбетов Серікбай Садықұлы, Бекбосынов Сабыржан Мәдиұлы, Абаев Ерлан Масфұтұлы, Құттықов Руфат Бауыржанұлының еңбегі өте зор.

Прокуратура саласындағы тәжірибесі білімі мен білігіне сай майталман мамандар. Облыстық прокуратурада қызмет жасайтын 35 адам үкіметтік, ведомстволық наградалар мен медальдерге ие болды.

Заңдылықты нығайту, прокурорлық қадағалау шараларын жүргізу барысында тәуір жетістіктерге қол жеткізген заң қызметкерлерінің табысы жыл өткен сайын еселеніп келеді.

Алдыңғы буын ағалардың өнегелі ісін жалғастырған, облысымызда абыройлы еңбек етіп, жоғарғы лауазымдарға көтерілген марқұм Хегай Аркадий Юрьевич, Куропяткин Анатолий Никифорович, Ахметов Қабдығали Николаевич, Кемелханов Жаңабай Шандыбайұлы, Мәрзия Сейітқазықызын атап өтуге болады.

Заңдылықты нығайту, прокурорлық қадағалау шараларын жүргізу барысында елеулі жетістіктерге қол жеткізгені үшін облыс прокуратурасының қызметкерлері Кужинская Надежда Леонтьевна,



Маңғыстау облысы прокуратурасының қызметкерлері ҚР прокуратура күнінде, 13.07.1997 жыл.

Сандыбаев Мұсатай Ахатұлы, Сұлтанов Шымбай Нұрбергенұлы «Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкері» жоғары атағына ие болған.

Бас прокуратура тарапынан Маңғыстау облысының прокуратура органдары қызметкерлерінің оң жетістіктері бірнеше рет атап өтілді.

Мысалы, Ақтау қаласының прокуроры Челикенов Болат Бисенұлы 2009 жылдың қорытындысымен «Ең үздік прокурор» атанса, оның орынбасары Бақытжан Жұмабекұлы Жанысбаев республиканың қала, аудан прокурорлары орынбасарларының арасында «Ең үздік мемлекеттік айыптаушы» деп танылды. Ол Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында тәлімгерліктен өтті.

Жыл сайын қызметкерлердің арасында «Ең үздік жас маман», «Ең үздік тәлімгер» және «Ең үздік мемлекеттік айыптаушы» сайыстары өткізіліп тұрады.

Облыстық прокуратура тек заң саласында ғана емес, сонымен қатар жұртшылықпен байланыс жасап, елдің әлеуметтік жағдайын да назардан тыс қалдырған емес. «Қоғам сенің қорғаның» және «Ана мен бала денсаулығы» атты жобалары аясында 2017 жылы Ақтау қаласы мен Мұнайлы ауданында тұратын тұрмысы төмен 105 отбасына қайырымдылық

көмектері көрсетіліп, 4,8 тонна тамақ өнімдері таратылды. 2018-2019 жылдары да тұрмысы қиын, әлеуметтік жағдайы төмен 100 отбасы 5,5 тонна азық-түлікпен қамтылған. Бұдан басқа, облыстық психо-неврологиялық балалар үйіне 5 тұрмыстық техника, тамақ өнімдері берілді.

Бүгінгі таңда облыс прокуратурасының қызметкерлері уақытпен санаспай Қазақстан Республикасының заңдары, Бас Прокурордың бұйрықтары мен нұсқауларына сүйене отырып жұмыс істеп келеді.

2023 жылғы жаңа жыл қарсаңында Маңғыстау облысының прокурорлары көмекке мұқтаж отбасылары үшін қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Күнкөріс деңгейі төмен 40 отбасына 2 тоннадан аса қажетті азық-түлік өнімдері таратылды. Прокурорлардың бастамасымен ұйымдастырылған акцияның басты мақсаты – балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Қадағалау қызметінде Маңғыстау облысының прокуратурасы азаматтардың конституциялық құқығын қорғау, табиғатты қорғау заңнамалары, кәметке толмағандардың құқықтарының сақталуын, дін саласында заңдылықты қамтамасыз ету, мемлекетке келтірілген залалды өтеу мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, олардың тиянақты атқарылуын қатаң бақылап отыр.



Облыс прокуроры С.С. Ерімбетов Маңғыстау облысы прокуратурасының ұжымымен, 2010 жыл.

Облыс прокуратурасының араласуымен мемлекет пайдасына бірнеше миллиардтан астам қаражат өндірілді, мыңдаған жұмысшылардың еңбек құқығы қорғалды, прокурорлық ықпал ету актілері негізінде млрд теңгеден астам жалақы төленді. Қоршаған ортаны және кәсіпкерлердің құқығын қорғау заңнамаларының сақталуы бойынша белсенді жұмыстар атқарылып келеді.

Ақтау қаласының 15 шағын ауданынан облыс прокуратурасының жаңа заманауи, еңселі ғимараты салынып, пайдалануға берілгеніне де он жылдан астам уақыт өтті. Сәні мен салтанаты жарасқан зәулім ғимараттың іші бүгінгі талапқа сай жасақталған.

200-ге жуық қызмет жасайтын қызметкерлердің мақсаты Отан алдындағы парызын адал әрі әділ атқарып, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосу.

Алдыңғы буынның өнегелі мектебі мен үлгілі істерін жалғастырып, болашақтың тұғырына берік орнату – прокуратура қызметінде жүрген жас мамандардың парызы. Олар терең біліммен қаруланып, кәсібіне мығым, қызметіне адал болғанда ғана Қазақстан Республикасының қанаты кеңге жайылып, босағасы беки түсетіні ақиқат. Жауапкершілігі

мықты, жүгі ауыр, атағы айбынды прокуратура саласына батыл енген мамандар үлкен сеніммен алға басып, аянбай еңбек етуде. Олардың ел болашағы үшін атқарып жатқан жасампаз істері прокуратура жүйесінің ертең жазылатын алтын тарихы.



Маңғыстау облысы прокуратурасының ғимараты

Маңғыстау облысы прокуратурасының аппараты



МҰРАЖАЙДАН СЫР ШЕРТСЕК...

ҚАЛАМҚАС САТЫБАЛДЫ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Қазақ халқының алтын қазынасының бірі – мұражай. Ескіден қалған көнекөз жәдігерлерді сақтау орындарын алтын қазыналы сандық деп атасақ та болар. Туған жердің тарихын сөйлеткенде алдымен мұражайға бас сұғып, ескі дүниелерді ақтаратынымыз бар. Қандай мұражай болмасын, оның іші толы тарих, шежіре, бұрынғының ізі, бүгінгінің ісі.

Тарихтың бас жағынан орын алған тарихи тұлғалар мен дарынды адамдардың елге жасаған орасан еңбегі мен қалдырған істері әрқашан мінбердің биік тұғырында. Құнды жәдігерлердің бірі Қазақ еліне адал қызмет жасап, ел азаттығын аңсап өткен қадірлі ата-бабаларымыздың үлкен портреттері бар: қазақ ақыны, айтыс өнерінің жүйрігі Сүйінбай Аронұлы (1815-1898), қазақтың атақты шешен билері Әйтеке би, Төле би, Қазыбек билер, қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, философ, композитор, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классик ақын Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904) т.б.



Маңғыстау облысының прокуроры Рахметолла Ғұбайдуллиннің белуарына дейін жасаған қола мүсіні ерекше көз тартатын дүние. Айбатты азаматтың басына киген әскери папахасының өзінде қатты тәртіптің белгісі бар. Әділдіктің ақ жолында күрескен азаматтың ажарын да, беделін де осы бас киім көтеріп тұрған тәрізді.

1973-1977 жылдары Маңғыстау облысына прокурор болған 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі Әбдіқадыр Нұрмағанбетовтың ерен еңбегіне берілген «Құрмет белгісі» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасы және т.б. марапаттар тұлғалы азаматтың өмір-мектебінің тағылымды тұстарының бір көрінісі ғана.



«Маңғыстау облысының бірінші прокуроры Ә.И.Нұрмағанбетовтың жеке мұрағатынан альбомы» тұнып тұрған шежіре. Альбомды сөйлетсек, прокурордың қызмет жасаған жылдары, республика, облыс деңгейінде өткен мақсатты кездесулер мен жүздесулерде, саналуан мазмұнды сайыстарда әр саланың жетекшілерімен түскен суреттері топтастырылған. Ерекше деп танылған бір құжат – Тұңғыш прокурордың КСРО берген куәлігінде былай деп жазылған:

«Назначен приказом Генерального прокурора Союза ССР. 12 апреля, 1973 г. №273-Л.

Прокуратура Союза Советских Социалистических Республик. 17 июля, 1975 г. г. Москва, удостоверение №2937.

Государственный советник юстиции 3 кл. Нурмағанбетов Абдикадыр Ибенович состоит на службе в Прокуратуре Союза ССР в должности Прокурора Мангышлакской области. Действительно по 12 апреля 1978 г. Генеральный прокурор СССР Р.Руденко».

КСРО дәуірінде әрбір коммунистің омырау қалтасында құрметтеліп сақталған Коммунистік партияның қызыл билеті де мұражайдан орын тепкен.

«Партиялық билет №02585424. Фамилиясы Нурмағанбетов, аты Абдикадыр, әкесінің аты Ибенович. 1932 жылы туған. Партияға кірген уақыты апрель, 1959 жыл. Билетті берген партия органының аты Қазақстан КП Совет аудандық комитеті. Алматы қаласы. Өз қолы мен партия комитетінің секретарының қолы қойылып, мөр басылған. Берілген уақыты 25 март, 1973 жыл».

Маңғышлақ облысы шаңырақ көтеріп, өз алдына отау тіккенде келген тұңғыш прокуроры Әбдіқадыр Нұрмағанбетов киген форма мұражайдың ең қымбат жәдігерлерінің бірі. Елу жылдық ғұмыры бар форма міні құрамай, жақсы сақталған. Көненің көзі, жақсының сөзіндей болған бір тарих.

Міне, Маңғыстау облысы прокуратурасындағы аса құрметті құжаттардың мазмұн, бедері осындай. Өз дәуірінде бір-бірімен сыйласып, сырласып, тізе қосып, елдің мұратты, игілікті істері жолында аса жауапты, аса ауыр, үлкен жауапкершілікпен қызмет жасаған қос алыптың өмір мектебінен, қызмет мектебінен сыр шерткен құжаттардың бір-екеуін ғана атап өттік.



Прокуратураның түбі терең тарихынан сыр шерткен құнды құжаттардың бірі өз уақытынан хабар беретін фотосуреттер. Болған оқиғаны айнытпай, сол қалпындай баяндайтын суреттер шежіресінде осы салаға еңбегі сіңген қаншама адамның өмір-тағдыры жатыр.



«Ұлы Отан соғысына қатысқан прокурорлар мен прокуратура ардагерлерінің суреттері», «Маңғыстау облысының бірінші прокуроры Нұрмағанбетов Әбдіқадыр Ибенұлы», «Маңғыстау облысының прокуратура органдары Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жылдарында», «Қазақстан Республикасы Президентінің прокуратура органдары қызметіне көзқарасы», «Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қайрат Мәмидің Маңғыстау облысына іссапары», «Қазақстан Республикасы прокуратурасының құрметті қызметкерлері», «Прокуратура ұжымының қоғамдық өмірі», «ОКО» газеті Маңғыстауда» атты суреттер шежіресі өз алдына бір әлем. «1923-1930 жылдардағы Адай уезінің прокуратурасы», «Сарғайған хаттар мен құжаттардан шертілген сыр» өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы

тарихи оқиғаларды қамтиды. Мазмұны терең суреттердің ішінде ерекше құрметпен еске алатын екі азаматтың тарихын айта кеткеніміз абзал. Мұнайлы түбектің тұңғыш прокуроры, қоғам қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Хажы Қонарбайұлы Оңғалбаев есімді азамат. Түрікменстанның Красноводск қаласында білім алған, Адай уездік прокуратурасының іс-қағаздарын қазақша жүргізген өте сауатты адам. Екінші прокурор Жұмағали Омаров Гурьев орыс-қазақ училищесін бітірген, Алаш әскери мектебінде оқыған. Адай округін таратуға қарсы болғаны үшін өмірі қиылып, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған қайраткер.

Мұражайдың қабырғасынан орын алған Ұлы Отан соғысына қатысқан прокурорлар мен прокуратура қызметкерлері бар. Олардың қатарында сап түзеген Исабаев Әбдіқадыр, Екібаев Бердіхан, Көшев Хасан, Аманшин Сабыр Сәлімұлы, Колесников Василий Василевич, Куропятник Анатолий Никифорович, Портнягин Александр Анеподистович, т.б. ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, бүгінгі ұрпаққа елдік пен ерліктің символы болған ардақты адамдар.

«ҚР прокуратурасының құрметті қызметкерлері» қатарында суреттері ілінген Сақтағанов Қуандық, Цуриев Канташ Ильясевич, Литровник Виталий Григоревич, Хегай Аркадий Юрьевич, Кемелханов Жаңабай Шандыбайұлы, Тегісбаев Жомарт Төребайұлы, Бисалиев Карл Хасанұлы, Сейтқазықызы Мәрзия, Ұлықпанов Тілеуғали, Оңғаров Мақсат Оңғарұлы, Байболатов Асылқайыр Өтегенұлы, Кушинская Надежда Леонтьевна, Сандыбаев Мұса Ахатұлы, Алмамбетов Өтеген Қойбағарұлы, Мырзақұлов Манап Рахымбайұлы, Сұлтанов Шымбай Нұрбергенұлы, Қадырұлы Жұмабек сынды прокуратура қызметкерлері Маңғыстау тарихында үлкен әріппен жазылып қалған құрметті есімдер. Заң саласында үлкен іс бітірген, мұратты игіліктер жасаған бұл азаматтардың еңбегі Маңғыстау тарихымен бірге айтылып, Маңғыстау атымен бірге жазылатын болады.

Ең әдемі жәдігерлердің бірі көрнекті үлкен кітап – «Қазақстан Республикасының генералдары». Жас ұрпаққа үлгі болатын, көрнекті шығарма. «Заңгер болсам» деп армандаған жас талаптың көңіліне үміт отын жағып, ілгері қимыл жасауына ықпал ететін рухани дүние.

Мұражайдағы бағалы естеліктердің қатарында облыс прокурорының атына, облыстық прокуратураның атына жолданған Құттықтау және Алғыс

хаттары бар. Спорттық сайыстарда сыйлыққа алған сантүрлі кубоктар, медальдар, төсбелгілер прокуратура мұражайының төрінен орын тепкен.

«Қазақстан Компартиясы 17 съезінің делегатына» деген шақыру қағаздары, оның сыртын әдемі қатырма қағазбен әспеттеген дүниелер де баршылық. «Қазақстан Коммунистік Партиясы съезінің күн тәртібі» деген құжаттардың өзі өткен ғасырдан сыр шерткен бір тарих.



Көкірегі ояу, көзі ашық адамды өзіне баурайтын әдемі дүниеленің бірі – кітаптар. «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендерінің, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің, «КСРО прокуратурасының құрметті қызметкері» төсбелгісінің, «Ақтау қаласының Құрметті азаматы» Рахметолла Ғұбайдоллаұлының «Әділет жолы», «Әке тағылымы» кітаптары, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Сафи Әжімұратовтың генерал-майор туралы жазған «Әділет генералы», Заңгер Айтбай Әлібаевтың «Тағылымға тағзым», «Әке өсиеті», «Өмірің болсын өнеге» шығармасы, Қайсар Әлімнің «Адам ізі» атты рухани дүниесі тиісті сөрелерден орын алған. Бұл шығармалардың қай-қайсысын алып парақтасақта, Маңғыстау облыстық прокуратурасының қазақ елі алдындағы 50 жылғы қызметі, абыройы мен беделі, даңқы мен тарихы сөйлеп тұр. Қиындығы мол, күрмеуі қиын, жауапкершілігі күшті салада қызмет жасаған адамдар мен мамандар туралы шымыр шығармалар, тұщымды ойлар кітаптарда кеңінен қамтылған. «Өткен күннің жүзі бар, соңында сөйлер ізі бар» деген әдемі сөз осындай естеліктерден қалса керек.

Мұражай мұраты – Маңғыстау прокуратурасының кешегі мен бүгінгісін сөйлету.



ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

АЗАМАТ КӨШЕВ,

Маңғыстау облысы прокуратурасының басқарма бастығы

1986 жылы қасиетті Маңғыстау жерінде заңгер отбасында дүниеге келіпін. Әкем де, атам да осы салада қызмет атқарған адамдар.

Атам Хасан Көшев 1915 жылы Маңғыстауда өмірге келген. Маңғыстау өңірінен шыққан алғашқы заңгерлердің бірі.

1932-1937 жылдары Гурьев қаласындағы балық шаруашылығы техникумында, педагогикалық курстарда білім алып, мұғалімдік қызмет атқарған. 1938 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, Қиыр шығыста жауынгерлік міндетін атқарып бөлімше командирі болған және әскери білімін жоғарылатып саяси жетекші болған, 1939 жылы Жапониямен болған ұрыста ерлігі үшін ерекше белгімен наградталған.

1940 жылы әскерден босап, елге оралған соң партия жолдамасымен прокуратура органына қызметке жіберілген. 1940-1947 ж.ж. аралығында Атырау қаласы прокурорының көмекшісі, прокурорының орынбасары 1941-1947 ж.ж. Атырау қаласы, 1947-1949 ж.ж. Атырау облысы прокурорының аға көмекшісі, 1949-1956 ж.ж. Маңғыстау ауданының прокуроры, 1956-1957 ж.ж. Атырау облысы Бақсай ауданының (қазіргі Махамбет ауданы) прокуроры қызметтерін атқарған.

1957 жылы 41 жасында ауыр науқастан қайтыс болған.

Кеңестер Одағы Жоғарғы Советі Президиумының «Хасан көлі ұрысына қатысушы» айрықша белгісімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлік еңбегі үшін» медалімен наградталған.

Атам өмірден өткен кезде 1948 жылы туылған менің әкем Бақтыбай Көшев сегіз жасар бала болған екен. Әкем 1971-1973 ж.ж. аралығында мұғалім, 1973-1977 ж.ж. аралығында Маңғыстау аудандық комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарған.

Еңбектен қол үзбей, әке жолын жалғастырамын деген оймен Қазақ мемлекеттік университетінің Заң факультетін аяқтап, жоғары заңгерлік мамандығын алған.

1977 жылы прокуратура органына қызметке ауысып, 1977-1982 ж.ж. Бейнеу аудандық прокуратурасының тергеушісі, прокурордың көмекшісі, 1982-1988 ж.ж. Бейнеу

ауданының және Форт-Шевченко қаласының прокуроры, 1988-1990 ж.ж. аралығында Атырау облысы прокуратурасының бөлім прокуроры қызметтерін атқарған.



Бақтыбай Кошев

Хасан Көшев

1990 жылы сот жүйесіне қызметке ауысып, осы салада 2011 жылға қызметін абыроймен атқарды.

Атам да, әкем де прокурор болғандықтан болар, әйтеуір прокурорлық формаға деген балалық қызығушылық мені мектеп жасында-ақ прокурор болсам деген мақсатқа жетеледі.

Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Заңтану» кафедрасын, одан кейін осы оқуды толықтыру үшін магистратураны тәмәмдадым.

Университет қабырғасынан шыққаннан кейін туған жеріме келіп, облыс орталығы болып табылатын Ақтау қаласының прокуратурасына прокурор көмекшісі, қала прокурорының аға көмекшісі, кейін бөлімнің аға прокуроры болып тағайындалдым. Одан әрі бөлім бастығы, қала прокурорының орынбасары лауазымдарында қызмет атқардым. Бүгінгі таңда Маңғыстау облысының прокуратурасында басқарма бастығы болып қызмет атқарамын.

Қызметтегі алғашқы жылдарда тәжірибемді ұштастыруға, өзімді шыңдауыма сол кездегі облыс прокурорының орынбасары А. Тұрсынбековтың, қала прокуроры Б. Челликенов пен оның орынбасары Б. Жанысбаевтың, бөлім бастығы болған Ә. Бековтің мол тәжірибелері қатты әсер берді.

Осылайша, қала прокуратурасында 13 жылдың үстінде қызмет атқарыппын. Сол жылдары қала прокуроры болып қызмет атқарған Т. Әлібаев, М. Тойжан, Б. Құлмағамбет сынды басшы ағалармен бірге қызмет атқарғанымды үлкен мақтаныш етемін.

1940 жылдан бастау алған біздің Көшевтер әулетінің прокурорлық династиямызға 80 жылдан аса уақыт өтіп, ұрпақтар сабақтастығы бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда.



ӨМІРІ ӨНЕГЕГЕ АЙНАЛҒАН ӨТЕГЕН АҒА

ХАЛИДУЛЛА ДӘУЕШОВ,

*Ақтөбе облысының прокуроры,
3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі*

Қай қоғамда болмасын мемлекеттің тұтастығы мен елдің тыныштығын мызғымай ұстап тұратын ұлы күш – әрбір адамның заң алдындағы жауапкершілігін терең сезінуінен құралады. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Әділдік – лауазымдық және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі. Заңның ұлықтылығы деген де осы» – деп атап көрсеткеніндей, заңға деген құрмет – қоғам дамуының басты факторларының бірі.

Халқымыздың заңғар ұлы Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген нақыл сөзін басшылыққа алсақ, осы салада өзінің ерекше үлесін қосқан қазақтың біртуар перзенттерінің бірі – еліміздегі заңгерлік мектептің негізін салушылардың қатарында көрінетін белгілі заңгер, шебер ұйымдастырушы, білікті ұстаз Сейітов Өтеген Сейітулы еді. Саналы ғұмырын әділеттің ақ жолына арнап, Ата Заңның сақталуы жолында кемел білімі мен ерен еңбегін жұмсаған Өтеген ағаның есімі ел тарихында алтын әріппен жазылған ардақты тұлға.

Өзінің жүріп өткен өмір өткелдерінде өшпестей із қалдырып, прокуратура саласында жарты ғасырға жуық еңбек еткен, оның ішінде республиканың Бас прокуроры қызметін он сегіз жыл бойы атқарған ағамыз 1923 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданы

Ақтоғай ауылында дүниеге келген. Балалық шағынан өмірдің көп қиыншылығын көрген ол өзі өмір сүрген ортадағы сансыз әділетсіздіктерге куә болғанына мемуарлық шығармаларынан жақсы таныспыз. Көз алдында болған осы әділетсіздіктер бала Өтегеннің алдына адамзат баласының құқығы мен заңның үстемдік құру идеясын орнықтырғандығынан болар, ағамыз жасөспірім кезеңінен, яғни 18 жасқа толмай-ақ прокуратура органдарында жұмыс істей бастайды. Әуелде Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасының қылмыстық сот бөлімінің хатшысы, кейін кеңсе басшысы болып еңбек етеді.

Өтеген Сейітулының жастық жалыны мен бозбалалық шағы кенеттен басталған Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келеді. Ел басына күн туған кезеңде етігімен су кешуге даяр намысты жас өзін майданға алуын сұрап, өтініш береді. Сол өтініш негізінде 1942 жылы майданға аттанып, жеңісті жорығын Еуропаның Вена қаласында аяқтаған. Оқ пен оттың ортасында елі үшін қаны мен жанын аянбастан шайқасқан ол үш рет жарақат алғанына қарамастан елге фашизмді жеңген соң ғана қайтады. Қан майданда өлім мен өмірдің күресіндегі өткен төрт жыл Өтеген Сейітулының өміріндегі болған қаһарлы күндері ғана емес, тұлғалық қалыптасуының маңызды кезеңдері болғаны да сөзсіз. Өйткені

қанды қасапта қаншама қыршын жастың мезгілсіз қазасына куә болған ол елге тоқтасқан азамат қалпында оралады.

Әскерден қайтқан бойда Оңтүстік Қазақстан облысы Келес және Сарыағаш аудандары прокураторларының тергеушісі қызметін атқарып, 1949 жылы облыстық прокуратораның аға тергеушісі қызметіне тағайындалған. Соғыс аяқталғаннан кейін бес жыл өткен соң ғана оқуға барып, 1953 жылы Алматы мемлекеттік заң институтын аяқтаған.

1951-1959 жылдары Қазақ КСР прокураторасы бөлімінің прокуроры, кейін Алматы қаласы Кеңес ауданының прокуроры, Қазақ КСР Прокурорының бірінші орынбасары, ал 1966-1984 жылдары – Қазақстан Республикасының прокуроры болып қызмет атқарады.

1-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген заңгері, Республиканың прокуратор органдарының құрметті қызметкері атақтары оның лайықты жолының маңызды кезеңінің жемісі. Осы заңгерлік қызметінің қай сатысында болмасын ең бірінші адамгершілік пен әділдік қасиеттерінен таймай, өз ісінің нағыз кәсіби маманы екенін дәлелдеп берді.

Өтеген ағаның адамгершілік қасиеттерін өзінің «Өмір өткелдері» атты кітабындағы баяндалған сан қилы оқиғаларды оқып отырып, айқын аңғаруға болады. Ол кісінің тергеу жұмысы кезінде тап болған талай істерінен адамды кінәлаудан бұрын оның жан-дүниесіне үңілуді басты назарда ұстайтынына көзіміз жетті. Мәселен, өз әйелін өлтірген Иманбаев деген кісінің қылмыстық ісіне байыппен қарап, «Қолымнан келгенше әділ болуға тырыстым, дегенмен қылмыстың аты қылмыс. Оның ішінде адам өлтіру деген қылмыстың ең ауыр түрі ғой. Сондықтан Иманбаев он жылға сотталып кетті» деп, қылмыскерді айыптамастан бұрын оның осы дәрежеге қалай жеткеніне баса мән береді. Бұл қасиет қара қылды қақ жарған заң адамдарына, оның ішінде прокуратор саласына қадам басқан талапты жасқа өте қажетті болмыс деп білемін. Сондықтан Өтеген ағаның тәлімін алған шәкірттері ол кісі туралы естеліктерінде ұстаздарының әркез әділдік жолын таңдап, сол жолдан таймай еңбек етуге тәрбиелейтінін жазады. Прокуратор саласының ардагері, 3-дәрежелі Мемлекеттік заң кеңесшісі Орналы Боранбаевтың: «Өтеген Сейітовтың айтқан өсиеттерінің бірі – тергеу жұмысының ең бастысы – қылмысты істі қозғауға жеңіл-желпі қарауға



Шалқар ауданындағы Мәдениет үйінде өткізілген конференция

болмайды. Мұндай актіні қабылдау үшін тек заңда көрсетілген негіздерге сүйену керек. Әйтпесе, кімге қарсы қылмыстық іс қозғау қаулысын шығарсаң да ең алдымен оның совет азаматы екендігін ескеріп, тағдырына аса зор жауапкершілікпен қарауың керек. Үстінен заңсыз қылмыстық іс қозғап, оны негізсіз жауапқа шақырып, жауап алудың өзі де ол адамға, тағы басқаларға күллі зиян, моральдық, материалдық қасірет әкелуі мүмкін», – деген естелік сөздері осы сөзімізге толық дәлел бола алады.

Өтеген ағамыздың тағы бір керемет қасиеттерінің бірі – оның кадр таңдаудағы шеберлігі еді. Республикалық мекемелерде басшылық деңгейде отырғанда ол кісінің облыстарға тағайындаған кадрлары бәрі дерлік ұйымдастырушылығымен, біліктілігімен танылып, кейін еліміздің белгілі заңгерлерінің қатарынан табылған. Өтеген Сейітұлынан тәлім алған осы азаматтар өздерінің күнделікті жұмыстарында ағамыздан естіген ақыл-кеңестерді үнемі пайдаланып отырғанын айта келіп, өздерінің ол кісінің шәкірті болғандығын әркез мақтанышпен еске алады. Шәкірт тәрбиелеу жолында Өтеген аға ешқашан жершілдік пен рушылдыққа жол бермей, нағыз мамандарға жол ашып беріп отырғанын республикаға еңбегі сіңген ұстаз Әділхан Алғиевтің мына естелігінен байқауға болады: «Соңыңа өз еліңнен адам ертпей жүргенің қалай?» дегенімде, ол кісі: «Әрине ондай мүмкіндік болды, бірақ мен алдыма ондай мақсатты қоймадым. Өзіммен бірге істеген немесе қарауымда істеген қызметкерлердің көбісін өз тумаларымнан кем көрмедім» деп жауап берді. Осы естелік жолдарынан-ақ Өтеген Сейітұлының трайбализмге қаны қарсы, нағыз шыншыл, өз елінің патриоты екенін айқын аңғаруымызға болады.

Жалпы Өтеген Сейітұлымен бірге қызметтес болып, оның тәлімін алған жандардың барлығы да ол кісінің бойындағы адам жанын түсіне білу қасиетін өте жоғары деңгейде бағалайды. Сонымен қатар бұл қасиеттерді заң адамына, оның ішінде прокуратура саласында қызмет атқарған азаматтарға ең қажетті болмыс ретінде насихаттап отыратынын сөз етеді. Біз бұдан Өтеген Сейітұлының өмірі мен қызметінің өзі болашақ ұрпаққа қалдырған үлкен өнеге екенін айқын аңғарамыз. Өтеген ағаның өмірі мен оның қайталанбас тұлғасы елімізде тек прокуратура қызметкерлеріне ғана емес, барша жас өскінге үлгі ретінде ұсынуға тұрарлық. Демек, еліміздің білім беру орындарында, оның ішінде заң ғылымын оқытатын арнаулы және жоғары оқу орындарында Өтегентану сабақтары жүрсе біздің одан ұтарымыз көп болмақ. Осы жылдың 31 наурызында Бас про-

куратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы және Қазақстандық прокурорлар қауымдастығы бірлесіп жоғары оқу орындары студенттері мен тыңдаушылары арасында өткізілген «Сейітов ізбасары» атты байқау осы ізгі істің бастауы болмақ. Байқау барысында қатысушылар атақты прокурордың өмірбаяны мен кәсіби қызметін білуде бақ сынасты. Байқау нәтижесінде жаңа Қазақстанның жас заңгерлері өскіндеп келе жатқаны елді сүйсінтті. Бас жүлдені Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Шам» командасы жеңіп алды.

Елдің дамуы, халықтың бақуатты өмір сүруі жолында жасаған ізгі ісінің болашақта әрбір азаматтың алдынан ақ күн болып туатынын ескерсек, Өтеген ағамыздың игі істері де ескерусіз қалған жоқ. Отаны мен еліне деген сүйіспеншілігінен туындаған жанқияр жұмыстарының өтеуі ретінде Өтеген Сейітов «Қызыл жұлдыз», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерінің, екі бірдей «Халықтар достығы» ордендерінің иегері болады. Басқа да көптеген құрметті атақтарға ие болды. Осылардың ішіндегі ең салмақтысы ол кісінің халқынан алған батасы еді.

Қазіргі таңда Өтеген Сейітовтің есімімен аталатын Ақтөбе қаласында және Шалқар қаласында кең көшелер бар. Облыс орталығындағы қалалық прокуратура ғимаратының алдында бюст-ескерткіші қойылған. Сонымен қатар облыстық прокуратура ғимаратында Өтеген ағамызға арналған мұражай-үйі бар. Осы мұражайда ағамыздың өмір тарихынан сыр шертетін естелік заттар мен фотосуреттер қойылған. Мұражай ішіндегі әрбір зат ұлы адамның өмір сүрген кезеңі мен өскен ортасынан сыр шертіп, кейінгі буынға даналық пен даралықтың шежіресін баяндап тұрғандай.



Шалқар ауданының прокуратурасы ғимаратындағы Ө. Сейітовке арналған бұрыш

Заң факультетінде оқып жатқан студенттерге арналған «Ашық есік» күнінде болашақ заңгерлердің назарына осы мұражай-үйі мен облыс прокурорының кабинеті таныстырылып, алдағы бағындырар асуларына үлгі ретінде ұсынылды. Бұл кейінгі ұрпақ үшін таптырмас тәрбие құралы болмақ. Өйткені «Болмасаң да ұқсап бақ» деп дана Абай айтқандай, жас буынға ағамыздың өнегелі өмірі үлкен үлгі болады деп санаймыз.

Биыл Өтеген Сейітұлының туғанына 100 жыл толып отыр. Осы атаулы күнге орай және оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында 2023 жыл прокуратура органдары үшін «Сейітов жылы» деп жарияланып, мерейтойға орай бірқатар шара жасалып жатыр. Солардың қатарында Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясымен Астана қаласында өткізілген «Қазіргі заң ғылымын дамыту: теория және практика» атты VI халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, ағамызды еске алуға арналған Бас прокуратура және облыс прокуратураларымен ұйымдастырылған республикалық, облыстық дәрежедегі волейбол чемпионаттарын атап өтуге болады.



Шалқар ауданының прокуратурасы ұйымдастырған кіші футболдан аудандық біріншілік

Осындай ізгі шаралар Өтеген ағаның кіндік қаны тамған қасиетті Шалқар топырағында жалғасын тапты. Шалқар қаласындағы орталық саябақ аймағына Өтеген Сейітұлына арналған ескерткіш-белгі орнатылды.




Шалқар қаласындағы Ө.Сейітұлына арналған мемориалдық тақта

Бұдан былай шалқарлық жеткіншектер сол мемориалдық тақта жанында аға рухына тәу етіп, болашақта осындай зиялы азамат болуға ұмтылары сөзсіз. Сонымен қатар ағамызды еске алуға арналған спорттық турнир ұйымдастырылып, аудандық прокуратура ғимаратына естелік бұрыш жасақталды. Осының барлығы ұлы адамның мәңгі жалғасар екінші өмірі басталғанын айғақтап тұр.



Бұл шаралар алдағы кезеңдерде де жалғасын табады деп ойлаймын. Артында ардақ тұтар елі барда Өтеген Сейітұлының бейнесі әркез асқақтай бермек. Өйткені Өтеген аға қандай биікке көтерілсе де халқынан бір сәтке ажырамай, елінің жарқын болашағын ғана ойлады. Демек, артында қалған қалың елі де Өтеген Сейітов есімін әркез жүрегінде ұстап, болашақ ұрпаққа, елге қызмет етудің ерен үлгісі ретінде ұсынары сөзсіз.

ПУТЬ ДЛИНОЮ В ЖИЗНЬ



ЕРКИН КУРМАНАЛИНОВ,

*Секретарь Ученого совета Академии,
старший советник юстиции,
магистр юридических наук*

В сентябре 2023 года исполняется 100 лет со дня рождения Прокурора Казахской ССР Отегена Сейтовича Сейтова.

В числе его заслуженных регалий – классный чин государственного советника юстиции 1 класса, звание почётного работника органов прокуратуры СССР, немалое количество государственных и ведомственных наград.

Тяжелые условия детства, пришедшего на 30-е годы прошлого века, только закалили его характер, научили не бояться каких-либо трудностей и браться за любую работу.

Как результат – получение Почётной грамоты по итогам окончания учёбы в Актюбинском интернате в 1940 году.

Карьера будущего главного прокурора Казахской ССР началась с должности секретаря уголовно-судебного отдела по регистрации документов прокуратуры Шымкентской области, порог которой он переступил в 16 лет, а спустя некоторое время он занял пост начальника канцелярии.

Когда через год началась война, юноша, не раздумывая, подал документы в военный комиссариат и был направлен в г. Ашхабад на шестимесячные курсы по подготовке младшего командного состава.

В 1942 году Отеген Сейтов попал на фронт, в звании младшего лейтенанта командовал стрелковым

взводом, участвовал в обороне Сталинграда, трижды был ранен, но каждый раз возвращался на действующую армию. Победу встретил в столице Австрии – Вене, в освобождении которой участвовал вместе со своим подразделением.

Вернувшись с войны, Сейтов устроился на работу в органы прокуратуры. Начал с должности следователя прокуратуры Келесского района, затем Сарыагашского района, после чего был переведён на службу в областной аппарат, расположенного в г. Шымкент на должность старшего следователя следственной части.

В то время в городе Ленинграде проводились годичные курсы по переподготовке старших следователей и следователей по важнейшим делам, на которые он и был направлен.

Не желая терять время, стремясь получить максимум знаний, молодой следователь одновременно с учёбой на курсах, экстерном окончил Ленинградский юридический университет. Получить диплом о высшем юридическом образовании ему удалось в 1953 году после окончания заочного отделения университета в г. Алматы.

Последовательность – одно из принципиальных черт нашего героя, проработав на следственных должностях в прокуратуре республики более 8 лет, он был назначен прокурором Сталинского района г. Алматы. В 1961 году он возглавил прокуратуру Ал-

матинской области, а спустя год последовало назначение на должность первого заместителя Прокурора Казахской ССР.

Венцом карьеры стало логичное назначение на пост руководителя надзорного органа Республики, и эту должность Отеген Сеитов занимал на протяжении 18-ти лет, в период с 1966 по 1984 год.

К числу наиболее значимых достижений Отегена Сеитовича следует отнести увеличение личного состава сотрудников прокуратуры, а также принятие мер по надлежащему их материальному обеспечению.

Распоряжением первого секретаря ЦК Компартии Казахстана Динмухамеда Кунаева по личной просьбе Сеитова органам прокуратуры были выделены 50 единиц автомобильной техники, профинансировано строительство пяти зданий прокуратур областей, расширен штат оперативных работников на 300 человек.

Большое значение Отеген Сеитов придавал применению достижений современной науки и техники при раскрытии и расследовании преступлений. Его усилиями в областных прокуратурах были открыты 16 криминалистических кабинетов, 137 фотолабораторий.

Значительная работа Сеитовым была проведена по обеспечению следственно-прокурорских работников служебным жильём.

В деле обеспечения законности и борьбы с преступностью Сеитов особое внимание обращал на определение причин и условий, способствующих росту преступности, постоянно акцентируя внимание на необходимость принятия мер по её профилактике.

По указанию Сеитова сотрудники прокуратуры во взаимодействии с общественностью на постоянной основе проводили рейды по выявлению трудных подростков, устраивали их на работу, вовлекали в общественную деятельность в клубах, военно-спортивных школах и лагерях труда и отдыха.

Сеитову принадлежит идея и реализация создания оперативных отрядов, как совершенно новой формы подразделений добровольных народных дружин, которые дислоцировались во всех областных центрах и шести крупных городах Казахстана с целью предупреждения правонарушений, особенно среди ранее судимых и подростков с девиантным поведением. Эффективность дружин была под-



тверждена статистикой, когда было установлено, что при их непосредственной помощи было расследовано каждое шестое дело.

В мае 1972 года за высокие достижения в деле обеспечения законности и правопорядка в Казахской ССР и в честь пятидесятилетия со дня образования органов прокуратуры СССР Сеитов был удостоен высшего классного чина «Государственный советник юстиции 1 класса».

С 1984 года Отеген Сеитов находился на заслуженном отдыхе.

Трудовые и ратные подвиги Отегена Сеитова были отмечены многочисленными государственными и ведомственными наградами: орденами «Красной звезды», «Отечественной войны I-й степени, дважды орденом «Дружбы народов», орденом «Құрмет», званиями Заслуженный юрист Казахской ССР и Почетный работник прокуратуры СССР.

Весь жизненный путь Отегена Сеитовича был наполнен служением закону и является ярким примером для подрастающего поколения прокурорских работников. Многие его ученики достигли больших высот на надзорном поприще, есть среди них и лица, удостоенные генеральских званий и государственных наград. Ряд его авторских методик организации работы органов прокуратуры актуальны и по сей день.

Таким образом, секрет успеха Отегена Сеитова заключается в его высоких морально-нравственных качествах, трудолюбии, неиссякаемой тяге к новым знаниям и преданности профессиональному долгу.



О ПОСЛЕДНИХ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ПОПРАВКАХ В СФЕРЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ



(продолжение)

АЙГУЛЬ БАЗАРБАЕВА

*Руководитель Департамента нормотворчества
и международного сотрудничества
Агентства Республики Казахстан
по противодействию коррупции*

Еще одним значимым блоком законодательных изменений и дополнений, предусмотренных Законом от 3 января текущего года, являются поправки, направленные на формирование системы защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции.

Поправки разработаны во исполнение пункта 127 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2020 года.

Обеспечение надлежащей защиты лиц, сообщающих о фактах коррупции, является базовым условием эффективного противодействия коррупции.

На сегодня в Казахстане имеющиеся меры защиты недостаточны. В основном они применяются лишь при наличии реальной угрозы применения насилия или иного физического воздействия.

При этом действующее законодательство не содержит каких-либо мер по защите трудовых прав осведомителей.

Вместе с тем, именно эти меры особо важны для сферы противодействия коррупции ввиду ее высокой латентности, поскольку нечистых на руку чиновни-

ков, как правило, вероятнее разоблачить изнутри, т.е. с помощью их же коллег.

Факты гонений, притеснений таких осведомителей в нашей практике имеются, значительно снижая «градус» их гражданской активности.

В целях создания комплексной системы защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции, поправки направлены на следующее:

1) Защита осведомителей от ущемлений их прав в сфере трудовых отношений

Первое. Лицо, сообщившее своему руководству о факте коррупции в государственном органе или иной организации, в которой оно работает, в течение трех лет с даты приема антикоррупционной службой или иным уполномоченным органом его сообщения о факте коррупции не может быть привлечено к дисциплинарной ответственности, уволено с должности или переведено на другую должность без рекомендаций дисциплинарной комиссии или иного коллегиального органа. При этом государственный орган или организация будут обязаны приглашать представителя антикоррупционной службы

для участия в этом заседании дисциплинарной комиссии.

В организациях, где имеются согласительные комиссии, индивидуальный трудовой спор, стороной которого выступает работник, оказавший содействие в противодействии коррупции, рассматривается с обязательным приглашением представителя антикоррупционной службы.

В случае несогласия с решениями согласительной или дисциплинарной комиссии антикоррупционной службой в течение двух рабочих дней со дня получения копии решения комиссии будет направляться уведомление в местный орган по инспекции труда либо в прокуратуру о нарушении прав и законных интересов работника.

Второе. Отличаются меры защиты трудовых прав, в том случае, если работник будет обращаться для сообщения о факте коррупции в государственном органе или в организации, в котором он сам работает, не к своему работодателю, а напрямую в антикоррупционную службу или иные уполномоченные госорганы.

В таком случае осведомитель будет предупрежден соответствующим уполномоченным органом о недопустимости разглашения данных досудебного расследования. Так как руководство государственного органа или организации не будет знать, что его работник сообщил в антикоррупционную службу или иной уполномоченный орган о факте коррупции в данном госоргане или организации, то у руководства не будет намерения избавиться от такого работника, и, соответственно, нет необходимости в рассмотрении трудовых споров с осведомителем в особом порядке.

В указанном случае защита будет осуществляться «постфактум», то есть когда осведомителя уже привлекли к дисциплинарной ответственности или уволили с должности при условии, что он обратится в антикоррупционную службу с доводами о том, что мера (*дисциплинарное взыскание, увольнение и др.*) в отношении него была принята в связи с утечкой информации или работодатель догадался, что данный работник оказал содействие в противодействии коррупции.

В течение 15 календарных дней со дня поступления такого обращения антикоррупционная служба рассматривает представленные материалы и в случае установления обоснованности обращения осведомителя направляет уведомление руководству государственного органа либо организации о необхо-

димости повторного рассмотрения вопросов, послуживших причиной недовольства работника.

После получения уведомления работодатель будет осуществлять общую процедуру рассмотрения трудовых споров с приглашением представителя антикоррупционной службы.

При этом, руководитель госоргана или иной организации обязан провести заседание согласительной комиссии или иного коллегиального органа и принять решение по рассматриваемому вопросу в срок, не превышающий 30 календарных дней со дня поступления обращения в антикоррупционную службу.

2) Обеспечение конфиденциальности сведений о лице, сообщившем о факте коррупционного правонарушения

В пункте 4 статьи 24 Закона «О противодействии коррупции» ранее предусматривалось, что информация о лице, оказывающем содействие в противодействии коррупции, является государственным секретом. Но, как показала правоприменительная практика, эта норма оказалась нерабочей в силу особенностей осуществления секретного делопроизводства.

В соответствии с поправками, внесенными Законом от 3 января 2023 года, информация об обращении лица к своему руководству или в уполномоченные государственные органы в целях сообщения о факте коррупционного правонарушения или оказания иного содействия в противодействии коррупции, является конфиденциальной информацией при наличии соглашения о неразглашении такой информации.

При этом, Законом установлена обязанность работодателей и уполномоченных государственных органов заключать такое соглашение при намерении осведомителя заключить его.

Согласно статье 424 Уголовного кодекса, за разглашение информации об обращении лица к своему руководству или в уполномоченные государственные органы в целях сообщения о факте коррупционного правонарушения или оказания иного содействия в противодействии коррупции, если это деяние совершено лицом, с которым заключено соглашение о неразглашении указанной информации, предусмотрена уголовная ответственность.

Порядок заключения соглашения о неразглашении информации об оказании содействия в противодействии коррупции и его форма будут определены приказом Председателя Агентства по противодействию коррупции.

Законом устраняются правовые пробелы и совершенствуются действующие механизмы защиты лиц, участвующих в уголовном процессе.

При применении Закона «О государственной защите лиц, участвующих в уголовном процессе» правоохранительные и специальные госорганы системно сталкивались с правовыми барьерами, которые служили препятствием для надлежащей защиты названных лиц и оперативного реагирования на факты посягательства на них.

К примеру, в Законе «Об оперативно-розыскной деятельности» отсутствовало основание для проведения оперативно-розыскных мероприятий (ОРМ) в целях реализации мер безопасности, хотя, согласно Закону «О государственной защите лиц, участвующих в уголовном процессе», в целях реализации предусмотренных Законом мер безопасности могут проводиться ОРМ в соответствии с Законом «Об ОРД».

В связи с чем, в Законе «Об ОРД» реализация мер безопасности лиц, участвующих в уголовном процессе, определена дополнительным основанием для проведения ОРМ.

Законодательством не были урегулированы вопросы отмены или продолжения мер безопасности в случаях прекращения уголовного дела судьей. Поскольку угроза защищаемому лицу может продолжаться даже после прекращения уголовного дела, возникла необходимость закрепления обязательства суда по принятию решения об отмене или продолжении мер безопасности в отношении защищаемого лица.

В целях исключения возможных споров между органами, обеспечивающими меры безопасности лиц, участвующих в судебном разбирательстве, установлено право судьи на определение того либо иного органа, обеспечивающего меры безопасности защищаемого лица.

В целом данный блок поправок направлен на совершенствование действующего законодательства в сфере государственной защиты лиц, участвующих в уголовном процессе, путем устранения коллизий, пробелов норм права, приведения Закона «О государственной защите лиц, участвующих в уголовном процессе» в соответствие с УПК и другими законами, а также путем урегулирования процессов организации

и реализации государственной защиты участников уголовного процесса, обязанностей должностных лиц при осуществлении мер государственной защиты и усиления прав участников уголовного процесса.

В глоссарии Уголовного кодекса имеется понятие «коррупционные преступления», в котором перечисляются номера статей Уголовного кодекса, их частей и пунктов, относимых к коррупционным преступлениям (подпункт 29) статьи 3).

В рамках принятого Закона в перечень коррупционных преступлений включены деяния, предусмотренные частью четвертой статьи 189 УК (Присвоение или растрата вверенного чужого имущества) и частью четвертой статьи 190 УК (Мошенничество), совершенные преступной группой или в особо крупном размере, в случае их совершения госслужащими и иными приравненными к ним лицами, а также установлена подследственность по данным деяниям за антикоррупционной службой.

До внесения вышеуказанных поправок к коррупционным преступлениям, связанным с хищением и мошенничеством, относились только деяния, предусмотренные пунктом 2) части третьей статьи 189 и пунктом 2) части третьей статьи 190 Уголовного кодекса.

Именно в этих пунктах предусмотрен такой квалифицирующий признак как совершение деяния «лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, либо приравненным к нему лицом, либо должностным лицом, либо лицом, занимающим ответственную государственную должность, если они сопряжены с использованием им своего служебного положения».

Квалифицирующие признаки «совершение преступной группой» и «особо крупный размер» предусмотрены в частях четвертых указанных статей Уголовного кодекса.

Учитывая, что в перечне коррупционных преступлений отсутствовали часть четвертая статьи 189 УК и часть четвертая статьи 190 УК, не было правовых оснований для признания деяний госслужащих, выразившихся в присвоении или растрате чужого имущества в особо крупном размере, а также мошенничестве в особо крупном размере, коррупционным преступлением.

Соответственно, по ним не наступали такие уголовно-правовые последствия, как по коррупционным

преступлениям (пожизненное лишение права занимать должности на государственной службе и квазигосударственном секторе, запрет на применение УДО).

Имевшийся правовой пробел приводил к тому, что такие деяния не учитывались при формировании статистических сведений о коррупционных преступлениях, лицах, их совершивших, осужденных, движении уголовных дел о коррупционных преступлениях и о субъектах коррупционных правонарушений.

С учетом вышеизложенного, внесенные поправки в подпункт 29) статьи 3 Уголовного кодекса, не позволят коррупционерам избежать серьезного наказания и обеспечат реальную картину о коррупции в стране, причиненном и возмещенном ущербе от коррупционных деяний.

Согласно пункту 3 статьи 32 Трудового кодекса, при поступлении на гражданскую службу, на работу в субъекты квазигосударственного сектора кандидат на должность должен предоставить справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного правонарушения.

В соответствии с внесенными поправками в Трудовой кодекс, теперь работодатель должен сам истребовать в отношении кандидата сведения о совершении им коррупционного преступления посредством информационных систем КПСиСУ или веб-портала «электронного правительства».

Кроме того, учитывая, что Законом в Трудовом кодексе вводится ограничение на принятие на должность гражданской службы и в субъекте квазигосударственного сектора, связанную с выполнением функций, приравненных к государственным, лица, которое в течение трех лет до трудоустройства уволено с занимаемой должности в связи с несоответствием расходов доходам, сведения об увольнении кандидата с ранее занимаемой должности по такому основанию также будут истребоваться самим работодателем.

В Закон «О противодействии коррупции» внесены поправки по совершенствованию деятельности антикоррупционных комплаенс-служб:

- предусмотрена возможность возложения функций антикоррупционной комплаенс-службы не только на структурное подразделение субъекта квазигосударственного сектора, но и на ответственное лицо;
- Агентство наделено компетенциями по координации деятельности антикоррупционных ком-

плаенс-служб в субъектах квазигосударственного сектора и по утверждению Типового положения об антикоррупционных комплаенс-службах в субъектах квазигосударственного сектора.

Введены новые антикоррупционные ограничения для лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, осуществляющих деятельность в субъектах квазигосударственного сектора:

- введен запрет на занятие предпринимательской и иной оплачиваемой деятельностью, кроме педагогической, научной и иной творческой деятельности (ранее такой запрет на них не распространялся).

При этом, закреплено право вышеуказанных лиц (за исключением лиц, осуществляющих деятельность в государственных предприятиях) занимать оплачиваемые должности в органах управления, наблюдательных советах, исполнительных органах дочерних, зависимых организаций соответствующих субъектов квазигосударственного сектора и иных юридических лиц, являющихся аффилированными с ними;

- введен запрет на занятие должностей со своими близкими родственниками, супругом (супругой) и свойственниками в одном органе управления (наблюдательном совете, исполнительном органе) субъекта квазигосударственного сектора.

Иные поправки, предусмотренные Законом, направлены на устранение правовых пробелов и коллизий, возникших в правоприменительной практике.

Введение в действие вышеуказанных законодательных инициатив повысит доверие общества к проводимой антикоррупционной политике, обеспечит снижение коррупции за счет превентивного эффекта вводимого контроля за соответствием расходов доходам, повышением уровня информирования о фактах коррупции ввиду наличия гарантированных государством мер защиты. Внедрение базовых международных стандартов позитивно отразится на оценке антикоррупционной политики Казахстана в рамках ОЭСР и ГРЕКО.

Вместе с тем, мы не намерены останавливаться на достигнутом. Дальнейшие шаги по искоренению коррупции заложены в Концепции антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022-2026 годы, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 2 февраля 2022 года № 802.

Работа по совершенствованию антикоррупционного законодательства продолжается.

(начало см. в журнале «Заң және заман» №2 (242)/ 2023 года)



КЕШЕНДІ ЖОСПАР – КЕЛЕШЕГІМІЗДІҢ ҚАМЫ



МЕҢДОЛЛА ШАМУРАТОВ

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Баспасөз қызметінің бас сарапшысы

Мемлекет басшысы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты өткен жылғы жолдауында «Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын» деген еді. Осыған орай Ішкі істер министрлігі «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің үш жылға арналған кешенді жоспарын» (2023-2025 жылдарға) әзірлеген болатын.

Аталған кешенді жоспарда есірткінің қоғамға аса қауіпті түрлері, әсіресе синтетиканың жолын кесу, нашақорлыққа тәуелділікті ерте анықтауды енгізу, есірткінің қолданатына да мдарсанын анықтау, уәкілетті органдардың құзыреті мен мәртебесін арттыру, сондай-ақ материалдық-техникалық жағдайды жақсарту жан-жақты қарастырылды.

Бұл кешенді жоспардың бұрынғы құжаттарға қарағанда, бірқатар ерекшелігі бар екенін айта кеткен жөн. Бұрын ішкі істер органдары тек қылмыстық қудалаумен айналысып, қылмыскерлерді лайықты жазаға тартуды басты мақсатқа айналдырып алған еді. Соның салдарынан уәкілетті орган ретіндегі үй-

лестіру міндеті екінші орынға сырғып кетті. Басқа мүдделі органдардың белсенділігі төмендеп, олардың жауапкершілік аймағы айқындалмай қалды. Яғни, қай орган нақты немен айналысатыны белгіленбеді. Осы себепті ведомствоаралық қарым-қатынас тиімділігін көрсетпеді. Оған қоса, жүйелі түрде жеткіліксіз қаржыландыру салдарынан материалдық-техникалық жағдай төмендеп кетті. Осының бәрі нашарқорлықтың себептерімен емес, тек салдарымен ғана күресуге алып келді.

Сондықтан Кешенді жоспар жобасында ең бірінші Ішкі істер министрлігінің үйлестіру функциясы айқындалды. Соның негізінде әр органның міндеттері белгіленіп, іс-шараның басым бөлігі профилактикаға бағытталды, қаржыландыру көлемі де бекітілді.

Орайы келгенде айта кету керек, бұл маңызды құжатты әзірлеуге 2 мыңнан астам азамат, 10-ға жуық үкіметтік емес ұйым жұмылдырылды. Кешенді жоспарды дайындау барысында шетелдік тәжірибе де зерттелді.

Былтыр Алматыда Орталық Азия өңірлік үйлестіру орталығының базасында халықаралық ұйымдардың Орталық Азия, Беларусь, Ресей және АҚШ елдерінің құзыретті органдары және бірқатар сарапшының қатысуымен жоспардың жобасы талқыланды. Осы отырыста аталған құжаттың ұлттық және транс-шекаралық деңгейде маңыздылығы

аталып өтілді. Ұсынылған шараларға шетелдік білікті мамандар жоғары баға берген болатын.

Сондай-ақ, бұл кешенді жоспар Парламент мәжілісінде, ведомствоаралық жұмыс тобында, Ішкі істер министрлігінің Есірткіге қарсы штабында талқыланды. Осы отырыста барлық ой-түйін, негізгі зерттеулер, мамандардың пікірі жан-жақты сарапталып, соның негізінде жалпы есірткі ахуалына 3 негізгі фактор әсер ететіні айқындалды. Бұл ең бірінші Орталық Азия елдері, Қазақстан, Ресей, одан әрі Еуропа маршруты арқылы, яғни «Солтүстік бағыт» бойынша ауған героинінің трафигі; екіншісі оңтүстік өңірлердегі каннабистік шикізат базасы (*Шу алқабы және Қызылорда облысы*); үшіншісі және ең қауіпті фактор – синтетиканың таралуы болып отыр.

Өткен жылдың өзінде құқық қорғау және арнайы органдар 3 мыңға жуық есірткі қылмысын анықтаған болатын. Оның 60 пайызы есірткіні сатуға қатысты қылмыстар. Төрт ұйымдасқан қылмыстық топ ұсталды, 70 шақты жасырын есірткі зертханасы жойылды. Тәркіленген есірткінің көлемі 16 тонна болса, соның ішінде 5,7 тоннасы марихуана, 918 келі гашиш, 102 келі героин және 582 келі синтетика.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері күні кеше ғана Алматы облысында 13 тонна прекурсордың заңсыз айналымының жолын кесті. Осы прекурсордан кемінде 2 тонна мефедрон жасауға болады. Бұл дегеніміз, шамамен 4 млн. доза. Былай қарасақ, есірткіге қарсы күрес қарқынды жүргізіліп жатыр. Тек биылғы жылдың қаңтар-ақпан айларында 518 есірткі қылмысы анықталса, оның 338-і өткізу фактісі, 59-ы контрабандаға қатысты тіркелген. Сондай-ақ есірткі тасымалымен айналысатын бір ұйымдасқан қылмыстық топ ұсталды, 11 жасырын есірткі зертханасы жойылды. Осы аралықта 986 келі есірткі тәркіленді. Оның 317 келісі марихуана, 126 келісі гашиш, 81 келісі апиын, 417 келісі героин және 142 келісі синтетикалық есірткі болатын.

Алайда, осындай үлкен көрсеткіштерге қарамастан, есірткі бизнесі ырыққа көнбей тұр. Оның басты себебі, бүгінде есірткі бизнесінің кибер салаға көшкенінде болып отыр. Қазір есірткі телеграм-боттар немесе басқа да интернет-ресурстар арқылы кеңінен сатылады. Мысалға биыл тіркелген әрбір жетінші есірткі қылмысы интернет арқылы сатумен байланысты болып шыққаны осы сөзімізге дәлел. Әрине, ішкі істер органдары мұндай жасырын интернет-дүкендерді жауып жатыр. Биыл осындай 604 есірткі сайты жабылды. Әйтсе де, бұл мәселені түбегейлі шешпей-



ді. Өйткені, жаңа сайттарды ашу одан да тез жүзеге асырылады. Ал оларды анықтау ұзақтау жүретін процесс. Ұйымдастырушыларын анықтау бұдан да күрделі. Көбісі өзінің қылмыстық әрекеттерін шетелде отырып-ақ жүзеге асыра береді.

1 Осындай жағдайға байланысты Ішкі істер министрлігі әзірлеген кешенді жоспарда ең бірінші заңсыз «контенттерді» тоқтату үшін заманауи аппараттық-бағдарламалық жабдықтарды көбейту ұсынылып отыр. Атап айтқанда, арнайы қызметтерді «Аргус», «Айрис», «Тритон» сынды құралдармен қамтамасыз ету қолға алынуы тиіс. Бұл құралдар әлеуметтік желілер немесе сайттар арқылы есірткінің таралуын анықтауды автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «Кибернадзор» жүйесі де жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап ашылатын есірткі сайттарын онлайн түрде бұғаттай алады. Яғни, жасанды интеллект өзі анықтап, дереу тосқауыл қояды. Осы заманауи құрылғылардың көмегімен есірткі сайттарын ұйымдастыратын және оны пайдаланатын адамдарды анықтауға мүмкіндік береді.

2 Екінші мәселе – есірткіні жасырын түрде жасырғандарды анықтау. Бұларды оңай анықтау үшін Ұлттық Ұланның арнайы бөлімдері дрондармен жабдықталатын болады. Бұл дрондар адам аяғы баспайтын жерлерде егілетін қарасора, яғни «конопля» аймақтарын әуе барлауын жүргізу арқылы анықтайды. Сонымен бірге «газо-анализатор» арқылы есірткі зертханаларын анықтауға болады.

3 Кешенді жоспарда қарастырылған үшінші бағыт – есірткі сараптамасының сапалық деңгейін көтеру. Елімізде алғашқы синтетикалық есірткілер шамамен 10 жыл бұрын пайда бола бастады. Ал, зерттеу құралдары мен әдістемесі әлі сол ескі күйінде қалып отыр. Қазіргі уақытта «синтетиканың» күн сайын жаңа түрлері шығып жатыр. Кейінгі төрт жылда тәркіленген «синтетика» санының жүз есеге өсуі осы сөзімізді айғақтайды.

Синтетикалық есірткілердің сот сараптамасы күрделі санатқа жататынын да айта кеткен абзал. Мұндай сараптаманы өткізуге бір ай немесе одан да көп уақыт кетеді. Бұл өз кезегінде тергеу сапасына кері әсерін тигізеді. Өйткені күдіктілерге қарсы «жазаның бұлтартпастық» принципі сақталмайды. Себебі сарапшының қорытындысы шықпай, «қамаққа алу» шарасын қолдану мүмкін емес. Соның салдарынан қазір жүзден астам қылмыскер іздеуде жүр.

Егер сот сараптамасы органдары заманауи және сапалы құралдармен жабдықталса, сараптама да тез арада жасалып, соның қорытындысы бойынша күдіктіге қамаққа алу шарасы жедел жүзеге асырылар еді. Сондықтан, кешенді жоспарда сот сараптамасы органдарын заманауи және сапалы құралдармен жабдықтауға баса назар аударылды.

4 Кешенді жоспар келесі кезекте, яғни төртінші бағыт ретінде есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту, сондай-ақ профилактиканың тиімді жүйесін қалыптастыруды қарастырады. Ашығын айтар болсақ, бүгінде нашақорлардың нақты және сенімді есебі жоқ. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, нашақорлардың нақты саны ресми деректерден кемінде бес есе көп болуы мүмкін (*Денсаулық сақтау министрлігінің есебінде 18 мың нашақор бар*). Сол себепті толыққанды есепті қалыптастыру үшін мәліметтерді әртүрлі дереккөздерден алу ұсынылады. Қазіргі уақытта, өкінішке қарай, есірткі пайдалану фактілері тіпті оқушылар қатарынан анықталып жатыр.

Сондықтан, болашақта скрининг өткізу жүйесін енгізу жоспарланып отыр. Бұл шара қоғамның нашақорлық деңгейін объективті түрде бағалауға және есірткіге тәуелді адамды, әсіресе жасөспірімдер арасындағы нашақорларды ерте бастан анықтауға мүмкіндік береді. Осы ретенаркологиялық көмекпен қайта оңалту сапасын арттыру қажет деп санаймыз. Ол үшін алдымен наркологиялық диспансерлерді жаңғыртып, жөндеуден өткізіп, емдеу-еңбек шеберханаларын құрған дұрыс.

5 Кешенді жоспардың бесінші бағытында есірткі тасымалына ерекше мән берілді. Өйткені бүгінде транзиттік есірткілер және «синтетиканы» дайындауға арналған прекурсорлар шекаралас мемлекеттерден жүк ағынымен көптеп келіп жатыр. Тасымалдаушылар прекурсорлардың халық тұтынатын тауарлар немесе заңды химиялық заттар түрінде жасырын өткізеді. Сол себептен кешенді жоспарда мемлекеттік шекараны тексеру құралдарымен қамтамасыз ету ұсынылып отыр.

Аталған кешенді жоспар жүзеге асырылғанда бүгінде қоғамның ең қауіпті індетіне айналған нашақорлық деңгейін азайтуға мүмкіндік туады. Ұлтымыздың болашағын қорғауда үлкен рөл атқарады. Өйткені, бүгінгі жастар мен жасөспірімдер ұлтымыздың ертеңгі болашағы, жарқын келешегі. Біз өз келешегімізді қорғау жолында барлық қажетті шараларды қабылдап, қолдан келер іске аянбауға тиіспіз.



СПРАВЕДЛИВОСТЬ, ЮРИДИЧЕСКАЯ ПОМОЩЬ И СУДЕБНАЯ ЗАЩИТА

БАХЫТЖАН ЖАКУПОВ,

*адвокат коллегии адвокатов г. Астаны,
почетный профессор Евразийской
юридической академии имени Д.А. Кунаева*

Нередко к адвокату обращаются за помощью по делам, преимущественно гражданским, не имеющим, с его профессиональной точки зрения, благоприятной для обратившегося правовой перспективы. Браться за такие дела вопреки своему внутреннему убеждению, присутствующему не только судье (ч.1 ст.16 ГПК), значит брать грех на душу, равно как гарантировать сомнительный успех по делам только для привлекательности своих услуг и пополнения портфеля заказов. В наше далекое время принятие поручений по бесперспективным гражданским делам расценивалось дисциплинарным проступком. Правильно это или крайности?

В соответствии со ст.11 Закона «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» (далее – Закон), пределы и меры оказания юридической помощи определяются по усмотрению лица, оказывающего юридическую помощь, и ограничиваются, если это предусмотрено законами, следовательно, ответственность в этом вопросе полностью возлагается на адвоката.

В идеале адвокат вправе не по своей инициативе, конечно, а по настоянию обратившегося заключить с ним соглашение на пробное изучение материалов дела, доказательств, исследование законодательства, судебной практики, научно-практических разработок, отдельного опыта, всего того, что может оказаться полезным для того, чтобы вникнуть и разобраться в проблеме и искать пути её преодоления. Свои выводы и предложения не плохо бы изложить в приватном заключении и на этом этапе закончить оказание правовой помощи при подтверждении напрасности каких-либо усилий по достижению целей, преследуемых обратившимся. Но принимать поручение на ведение дела в суде при отсутствии оснований для выработки обоснованной правовой позиции, полагаю неправильным в этическом аспекте,

если не сказать сродни обману. Если же по настоянию клиента, посвящённого в отсутствие благоприятного прогноза, все же принимать поручение, подогреваемое гонораром, то в какой ипостаси адвокату идти в суд? Сопровождающего, сочувствующего, болельщика, моральной поддержки, неуверенного в своём прогнозе дилетанта, полагающегося на авось? В любой, кроме адвоката, ибо в противном случае будут нарушены требования, предъявляемые ст.34 Закона к профессиональным нормам поведения адвоката.

К тому же Конституция гарантирует (п.3 ст.13), а адвокат реализует лишь квалифицированную юридическую помощь, но не её положительный результат. Также как защита судебной властью прав, свобод и законных интересов граждан и организаций (п.1 ст.76 Конституции) не означает их непременно удовлетворение. Не всегда квалифицированная юридическая помощь сопряжена с положительными для обратившегося последствиями. Главное, чтобы адвокат принял исчерпывающие меры для объективной и концептуальной оценки конфликтного правоотношения и изыскал все возможные пути его положительного разрешения. Как гласит латинская поговорка: «предупрежден – значит вооружен». Это и есть квалифицированная юридическая помощь, соответствующая острагующей пословице: «не зная броду – не суйся в воду». Если же адвокат все же воздержится от ведения в суде заведомо обреченного на его взгляд дела, то возникает второй нюанс, как об этом заявить, чтобы не обескуражить обратившегося. Ни один обратившийся не смирится с тем, что у него безвыходное положение. При всем уважении к имени и профессионализму адвоката внутри у него останется червь сомнения, подпитываемый извне окружением, кажущимися схожими примерами, наущениями невежд

и пр., которые иногда сильнее мнения профи. Ведь зачастую к адвокату обращаются как умному, хитрому и, увы, беспринципному человеку, способному истолковать и применить закон так, как ему выгодно. В таких ситуациях приходится сожалеть, успокаивать, ободрять, то есть уделять больше внимания. Не исключены просьбы обойти закон, договориться. Все это издержки адвокатской деятельности, требующей терпения, выдержки, самообладания, умения аргументированно говорить с людьми, убеждать, но не уговаривать. Это, в свою очередь, не исключает профессиональной решительности в ясных для него вопросах. Несомненно, адвокатская деятельность по принципу «не навреди» вкпе с профессиональной тайной (ст. 18 Закона) самая деликатная из всех правоприменительных. Если же обратившийся, несмотря на предостережения, одержим судом, продолжением судебной тяжбы, не стоит его отговаривать, пусть последнее слово будет за судом, за которым несколько инстанций, а не адвокатом, за которым нет правовых институтов, подтверждающих его позицию и развеивающих сомнение в целесообразности оказания им юридической помощи. Да и обратившийся пусть лучше пеняет на суд, чем на адвоката, к мнению которого прислушался и упустил судебный шанс.

В подобных случаях обращающиеся руководствуются своими субъективными представлениями о справедливости, связываемые исключительно со своими интересами. Справедливость, несмотря на современный политический тренд, не упомянута в Конституции, хотя в ней государство утверждается социальным (п.1 ст.1) и в неё вносились свежие поправки. Она не упоминается в принципах гражданского судопроизводства (глава 2 ГПК). Правда, одной из задач уголовного процесса указано справедливое судебное разбирательство (п.1 ст.8 УПК).

Законом от 27.03.2023 г. ст.4 ГПК, посвященная задаче гражданского судопроизводства, изложена в новой редакции, предусматривающей в том числе, обеспечение справедливого рассмотрения и разрешения дел. Законодателем это дополнение в проектом варианте объяснялось тем, что суды поставлены перед выбором: принять формально законное решение или стать на сторону людей, права которых нарушены. И им приходится выбирать первое, потому что в задачах гражданского судопроизводства вынесение справедливого решения не значилось. Но нарушение задач и принципов гражданского судопроизводства не является основанием для отмены или изменения судебных актов в апелляционном (ст.427 ГПК) и кассационном порядке (ст.438 ГПК). Вместе с тем, нарушение принципов гражданского судопроизводства в зависимости от его характера и существенности влечет их отмену (ч.2 ст.5 ГПК). Степень существенности и характер нарушения оценивается вышестоящей судебной инстанцией с учетом обстоя-

тельств дела и влияния нарушения на объективность и законность вынесенного решения. Следовательно, включение справедливости не в принципы, а задачи гражданского судопроизводства, не означает её обеспечение, в лучшем случае она отдана на откуп вышестоящей судебной инстанции. А нарушение принципов уголовного процесса в зависимости от его характера и существенности влечет признание решения незаконным и его отмену (п.2 ст.9 УПК). В соответствии с пп.3) ст.433 УПК, одним из оснований к отмене либо изменению приговора является существенное нарушение уголовно-процессуального закона, коим признается нарушение принципов (п.1 ст.436 УПК) и иных общих положений УПК, а также иные нарушения закона, которые путем лишения или стеснения гарантированных законом прав участвующих в деле лиц, несоблюдения процедуры судопроизводства или иным путем помешали всесторонне, полно и объективно исследовать обстоятельства дела, повлияли или могли повлиять на постановление правосудного приговора или иного решения суда. В соответствии со ст.427 ГПК, основаниями к отмене либо изменению решения суда в апелляционном порядке не являются нарушения задач и принципов гражданского судопроизводства. Наоборот, согласно ч.3 ст.427 ГПК, не может быть отменено правильное, по существу, решение суда по одним лишь формальным соображениям. Нарушение или неправильное применение норм материального или процессуального права является основанием для изменения или отмены решения суда, если это привело или могло привести к принятию неправильного решения. Если судом принято правильное решение, но допущены указанные нарушения, в постановлении приводятся мотивы, нормы материального и процессуального права, в соответствии с которыми решение подлежит оставлению без изменения. Таким образом, ГПК не содержит по аналогии с УПК в качестве основания для отмены или изменения решений суда существенное нарушение гражданского процессуального закона, относя его к формальным соображениям при правильном по существу решении суда. А что значит правильное решение, в ГПК не раскрывается. В соответствии с ч.1 ст. 224 ГПК, решение суда должно быть законным и обоснованным, о его правильности речи нет. Не отсюда ли отчасти пресловутый судебный произвол, санкционированный самим законом?

Вот такие вопросы, сомнения и мысли возникают у адвоката, полагающего, что они должны быть разрешены и сомнения развеяны прежде всего на законодательном уровне. Таким образом я приглашаю коллег-юристов к обсуждению этих важных, на мой взгляд, вопросов. Они важны не только для адвокатов, но и простых граждан, вынужденных обращаться за судебной защитой своих прав.



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС МОДУЛІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ДӘУРЕН ӨТЕПОВ,

Академияның Кәсіби оқыту институтының
аға оқытушысы,
кіші әділет кеңесшісі, заң ғылымдарының магистрі



Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының оқытушылары ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын оқыту процесінде заманауи педагогикалық әдістерді қолданып келеді.

Қазіргі кезде ақпараттық технологиялар адам мен қоғамның тіршілік әрекетінің барлық салаларына еніп кеткені баршамызға белгілі. Ақпараттық технологиялардың даму тенденциясы адамның өмір сүру сапасын жақсартады және уақытты үнемдейді, сонымен бірге қоғам мен мемлекетке төндіретін қауіпмен де ерекшеленеді.

Цифрландыру мәселелері Қазақстанның ғана емес, дүниежүзі мемлекеттерінің экономикасы мен қоғам дамуының негізгі векторларының бірі болып қала береді. Цифрландыру құқық қорғау органдарының жұмысында да кеңінен енгізіліп келеді. Оның ашық көрінісі 2018 жылдан бастап қылмыстық сот ісін электрон форматта жүргізу.

Қылмыстық сот ісін электрон форматта жүргізу Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен әзірленген «Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – СДТБТ АЖ) жүзеге асырылады.



«Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесі

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін жүйенің негізгі функционалына минималды өзгерістер енгізіліп, «Электрондық қылмыстық іс» (бұдан әрі – Е-ҚІ) модулімен толықтырылған. Е-ҚІ модулінің келесідей функционалдары бар:

- ✓ графикалық планшет және стилустың көмегімен істің фигуранттарымен электрондық іс жүргізу құжаттарына қол қою;
- ✓ қылмыстық процеске қатысушыларды шақыру үшін SMS-шақыру хабарламасын жіберу;
- ✓ қылмыстық істердің санкциялары мен бағыттары мәселелерін қарау үшін сотпен электрондық өзара іс-қимыл жасау;
- ✓ ҚР ҚПК 105-бабының тәртібімен келіп түскен шағымдар бойынша тіркеу және жауап беру;
- ✓ сараптамаларды электрон форматта тағайындау және алу рәсімдерін жүзеге асыру үшін сот сараптамаларының уәкілетті органдарымен электрондық өзара іс-қимыл жасау және т.б. мүмкіншіліктері бар.

Аталған функцияларды іске асыру үшін СДТБТ АЖ «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен интеграцияланған. Сот сараптамасы органдарының сарапшылары үшін сарапшының жеке автоматтандырылған жұмыс орны әзірленді. Сондай-ақ, байланыс арналарын шифрлау бөлігінде ақпараттық қауіпсіздікті күшейту жөніндегі шаралар енгізіліп, пайдаланушының саусақ іздері бойынша аутентификацияның қосымша факторы қосылды.

Жүйеде жұмыс істеу Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2018 жылғы 3 қаңтардағы №2 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықпен» реттеледі [1].

Болашақ және қазіргі құқық қорғау органдарының қызметкерлерін сапалы практикалық даярлау мәселесі көптеген ғалым мен практиктердің пікірталастарының тақырыбына айналған. Бұдан басқа, тәжірибеде туындайтын түрлі жағдайлардың барлығын нақты суреттеудің мүмкін еместігі кәсіби қызметкерлерді даярлауға кедергі келтіретін негізгі себептердің бірі.

Осыған байланысты қазіргі заманғы жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және кәсіптік заң білімінің міндеттерінің бірі – білімалушыларда біліктіліктің кең ауқымын және нақты бекітілген практикалық дағдыларды дамыту үшін жағдайлар жасау. Аталған блокқа жедел шешімдер қабылдау және

лауазымдық міндеттерді сапалы орындау қабілетін дамыту, әсіресе шұғыл тергеу әрекеттерін орындау кезінде немесе азаматтардың құқығы мен бостандықтарын бұзу қаупінсіз қылмыстық құқық бұзушылықтарды жаңадан түскен іздер бойынша ашу жатады.

Кез келген құқық қорғау қызметінде енгізілген жаңа технологиялар ең алдымен кадрларды даярлаумен басталады. Себебі өрескел қателіктерге, оның ішінде заң бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын оқу процесінде шыңдаған жөн. Осы жөнінде Александр Суворовтың үш ғасыр бұрын айтып кеткен «Жаттығуда қиын болса, ұрыста оңай» сөзі өз өзектілігін жоғалтпай отыр.

«Электрондық қылмыстық іс» модулінде жұмыс істеудің дағдыларын оқыту барысында «Симуляциялық оқыту» заманауи педагогикалық технологиясын пайдалану өз тиімділігін көрсетті.

Қазіргі таңда қазақстандық заңгерлік жоғары оқу орындары қарапайым практикалық дағдыларды пысықтау үшін (жекелеген тергеу іс-әрекеттерін жүргізу немесе нақты іскерлік ойындар өткізу түрінде) симуляциялардың жекелеген түрлерін тұрақты негізде пайдаланып келеді. Адам өмірімен тығыз байланысты медицина саласында симуляциялық оқыту кеңінен қолданыс тапқан.

А.А. Свистуновтың айтуынша, «Симуляциялық технологиялардың маңызды артықшылықтары – пациентке зиян келтірместен оқыту және әр маманның қолжеткізілген кәсіби дайындық деңгейін объективті бағалау болып табылады» [2].

Ал, Ж.С. Сейтаева мен Р.С. Балашовтың пікірінше, «Симуляциялық оқытудың басты мақсаты – әрбір білім алушыға кәсіби стандарттар мен талаптарға сәйкес өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға мүмкіндік беру» [3].

Ең алғашқы симуляциялық оқыту Құқық қорғау органдары академиясында 2019 жылы «Көші-қон бағыттары бойынша адам саудасына қарсы күрес» тақырыбында өткен болатын [4].

Симуляциялық оқыту – бұл екі әдісті бір уақытта қолдануды көздейтін сабақтың аралас түрі: білім алушыны ақпараттандыру және оның тапсырманы орындауы.

Осылайша, авторлардың ойымен келісе отырып, біз өзіміздің электрондық қылмыстық іспен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру үшін симуляциялық оқытудың сценарийін жасап шықтық. Құқық қорғау органдарының тергеу реттілігіне байланысты Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ИИМ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және экономикалық тергеу қызметіне бейімделген нақты оқиғаны қамтитын бірнеше сценарийден тұрады.

Оқыту барысында СДТБТ АЖ-нің Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің серверінде орналасқан тестілік үлгісі пайдаланылады (<http://10.2.7.71:8080/erdr/faces/main>). Сондай-ақ Сотқа

дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі ақпараттық жүйесін жекелеген серверде орналастырып, оған компьютерлерді қосу арқылы жүзеге асыру мүмкіншілігі бар.


Дәрісті өткізу үшін мынадай материалдық жабдықтар:

✓ дербес компьютермен жабдықталған тергеушінің жұмыс орны (стилуз, материалдармен танысуға арналған монитор және т.б.);

✓ КазТокен тасымалдаушысындағы электрондық қолтаңба;

✓ СДТБТ АЖ-нің тестілік үлгісінде нақты рөлі (тергеуші, прокурор, криминалист және т.б.) бар пайдаланушы ретінде тіркеудің болуы қажет.

Оқу процесінде тыңдаушылар сценарийге сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыз, хабар немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде оқиғаны тіркеу, олар бойынша процестік шешімдерді қабылдау, процестік құжаттарды және дәлелдемелерді іске біріктіру, істі прокурорға жолдау секілді функционалдарды үйреніп, білімін жетілдіреді.



Оқу процесі

Сонымен қатар қадағалаушы прокурор өз кезегінде «қадағалау журналы» бөлімінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын қадағалауды жүзеге асыра отырып шешімдерді қабылдайды.

Оқу процесінің соңында білім алушылардың жіберген қателіктеріне шолу жасалып, оқытушының нұсқауларын алады.

Ақпараттық жүйелер саласындағы СДТБТ АЖ-нің оқыту – тыңдаушылардың логикалық ойлаулары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұшқыр әрі терең пайымдауларына және заманауи технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, ұжымда жұмыс істей білу және алған білімдерін практикада кеңінен пайдалануға көмектеседі.

Сонымен қоса, біздің пікірімізше, жекелеген серверде орналасқан Е-ҚІ модуліне ҚР ИИМ жоғарғы оқу орындарын қосқан жағдайда болашақ Ішкі істер органдарының қызметкерлерінде шындыққа жанасқан түрде, қылмыстық істерді электрон форматта тергеу дағдыларын оқытуға болады деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы №2 бұйрығы. [электрондық ресурс]. – қол жеткізуде: URL: <http://adilet.zan.kz>.
2. А.А. Свистунов. «Методы и принципы симуляционного обучения» [электрондық ресурс]. қол жеткізу режимі: URL // https://rosomed.ru/kniga/metodi_i_principi_simulationnogo_obucheniya.pdf.
3. Ж.С. Сейтаева, Р.С. Балашов. Симуляционное обучение в практической подготовке сотрудников правоохранительных органов: учебно-практическое пособие // Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2020. – 9 б.
4. Ж.С. Сейтаева. Симуляционный тренинг «Борьба с торговлей людьми по миграционным маршрутам – от идеи до реализации» // Заң және заман, №1 (217), 2019 ж., 12-б.



«ҚАЗІРГІ ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА» VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЗАРИНА ҚАЛМУРЗИНА

*Академияның Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру институтының доценті,
әділет кеңесшісі, заң ғылымдарының магистрі*



Заң ғылымы өзінің үздіксіз дамуын жалғастырып, күрделі мәселелердің жаңа шешімдерін табады. Құқықтың жедел жаңару жағдайында барлық өзгерісті зерттеу практикалық тұрғыдан да, теориялық тұрғыдан да маңызды болып отыр. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты жас ғалымдарға, докторанттар мен магистранттарға арналған жыл сайынғы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді.

Осы жылдың 7 сәуірінде Академияда өткен «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» атты VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы Ғылым күні қарсаңында көрнекті құқықтанушы, Қазақ КСР прокуроры Ө.С. Сейітовтің 100 жылдық мерейтойына арналып, іс-шараның жұмысы барысында құқық саласындағы практикалық мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешу және жаңа құқықтық тетіктерді құру жолдары талқыланды.

Іс-шараның пленарлық отырысына қатысқан шетелдік және отандық заңгер-ғалымдар мен құқықтың түрлі саласындағы тәжірибе мамандары және сарапшылар конференцияның өзектілігі мен маңызын, сондай-ақ қатысушылар заң ғылымының дамуына қосқан Бас прокуратура мен Академия басшылығының жеке үлесін атап айтты.

Конференция білім алмасуға және желілік өзара әрекеттесуге қатысуға мүмкіндік берді. Қатысушы-

лар қазіргі заң ғылымының дамуына қатысты әртүрлі мәселелерді, соның ішінде оның теориялық және практикалық аспектілерін талқылады. Конференция жас зерттеушілерге өздерінің ғылыми жұмыстарын ұсынып, әріптестері мен көрнекті ғалымдарынан құнды пікірлер алуға мүмкіндік берді.



Мұндай ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізу заң ғылымын дамытуда және ғалымдар мен тәжірибе заңгерлері арасында тәжірибе алмасуда маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн. Іс-шаралар білім мен ғылыми-зерттеу қызметін кеңейтуге, сонымен қатар сала мамандары арасында кәсіби байланыс пен ынтымақтастық орнатуға ықпал етеді.

Жас зерттеушілер, докторанттардың баяндамалары тыңдалған панельдік сессиялар ерекше әсер қалдырды. Зерттеушілер өз салаларында білімі мен

біліктілігін көрсетті. Қылмыстық құқық, азаматтық құқық, қылмыстық процесс және басқа да тақырыптар бойынша өз зерттеулерін ұсынды.

Осы конференция аясында зерттеу тақырыптары бойынша секцияларға бөлінген панельдік сессиялар өткізілді.

«Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының даму тенденциялары» атты бірінші секцияда қатысушылар қылмыстық және пенитенциарлық заңнамадағы ағымдағы өзгерістер мен оның даму тенденцияларын талқылады. Онда қазіргі қылмыстық саясат қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді, жаңа сын-қатерлерді есепке алуы, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен нормаларды сақтау қажеттілігі айтылды.

«Құқық қорғау органдарының қылмыстық-процестік және криминалистикалық қызметі» атты екінші секция жұмысы аясында қылмыстық-процестік заңнамасының тиімділігі мен құқық қорғау органдарының қылмыстарды тергеудегі қызметіне қатысты мәселелер талқыланды. Қатысушылар тергеу процесінде азаматтардың құқығы мен бостандықтарын сақтаудың маңызын, сондай-ақ қылмыскерлердің жаңа технологиялары мен әдістері тұрғысынан криминалистикалық қызметті жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Үшінші секция жұмысы **«Қазіргі заманғы азаматтық, әкімшілік және ақпараттық құқық мәселелері»** азаматтық, әкімшілік және ақпараттық секторларға қатысты құқықтың қазіргі заманғы мәселелерін талқылауға арналды. Сессияға қатысушылар құқықтық мәселелердің әртүрлі аспектілері, соның ішінде тұтынушылардың құқығын қорғау, электрондық коммерцияны реттеу, жеке деректерді қорғау және басқа да маңызды мәселелер туралы пікір алмасты.

Талқылаудың негізгі аспектілерінің бірі – ақпараттық құқық және жеке деректерді қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру қажеттілігі болды.

Төртінші секция аясында **«Юрлингвистиканың өзекті мәселелері. Заңдылық прокурорлық қызметтің парадигмасы ретінде»** тақырыбында құқықтық процесстер мен прокурорлық қызметте тілдік құралдарды қолдануға қатысты мәселелер талқыланды. Қатысушылар құқықтық лингвистика саласындағы тәжірибелері және практикалық дағдыларын бөлісіп,

осы саладағы прокурор жұмысын жақсартудың ықтимал тәсілдерін талқылады.

Талқылау барысында құқықтық құжаттардағы терминология мен тілдік құрылымдардың қолданылуы, шетелдік құқықтық нормаларды аудару мәселелері сияқты көптеген қызықты мәселелер көтерілді. Құқықтық салада тілдің сауатты қолданылуы құқықтық қорғау мен әділеттілікті қамтамасыз етудің, құқық қорғау қызметінің сапасын арттырудың негізгі факторы екені айтылды. Сонымен қатар қатысушылар заңгерлік лингвистиканы дамыту және заңгерлер үшін олардың тілдік дағдылары мен құқық саласындағы кәсіби білімін арттыруға көмектесетін мамандандырылған курстар құру қажеттілігін талқылады.

Конференция заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жоғары деңгейде ұйымдастырылып, барлық қатысушыларға өз баяндамаларын жасауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ аталған ғылыми іс-шара қатысушыларға әріптестерімен байланыс құруға, зерттеу идеялары мен тұжырымдарымен бөлісуге және жаңа ынтымақтастық орнатуға тамаша мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

Қатысушылардың материалдары ғылыми жинақта жарық көрді.

Конференция жұмысының қорытындысы бойынша бірқатар ұсыным әзірленіп, ғылыми саладағы академиялық жетістіктер мен халықаралық ынтымақтастықты ілгерілету тұжырымдары жасалды.





ОБУЧЕНИЕ ПРОКУРОРОВ ЗА РУБЕЖОМ

ДИНА КУЛМАНОВА,

*старший прокурор Управления
международного сотрудничества
Академии, советник юстиции,
магистр юридических наук*

Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан (далее – Академия), в соответствии с подпунктом 5) статьи 12 Конституционного закона Республики Казахстан от 5 ноября 2022 года «О прокуратуре», осуществляет взаимодействие с иностранными и международными организациями по вопросам переподготовки и повышения квалификации сотрудников правоохранительных органов, проведения научных исследований и обмена опытом в сфере правоохранительной деятельности.

Участие сотрудников прокуратуры в образовательных мероприятиях за рубежом является одним из важных компонентов профессионального развития и повышения квалификации, который позволяет изучить международный опыт, организацию работы в других странах, а также ознакомиться с лучшими практиками в области правоохранительной деятельности.

Обучение за рубежом может включать в себя как краткосрочные семинары, тренинги, так и длительные программы обучения, такие как стажировки или курсы повышения квалификации в университетах или специальных центрах.

Направление сотрудников прокуратуры за рубеж в целях повышения квалификации, профессиональной переподготовки, стажировки, а также участия в международных мероприятиях (мастер-классы, тренинги, семинары, обучение на практике и другие формы занятий) регламентируется приказом Генерального Про-

кура Республики Казахстан «О некоторых вопросах направления за рубеж сотрудников системы органов прокуратуры Республики Казахстан» от 22 февраля 2019 года № 15. Данным приказом утвержден Регламент работы по направлению сотрудников системы органов прокуратуры Республики Казахстан за рубеж (далее – Регламент) и состав Комиссии по направлению сотрудников системы органов прокуратуры Республики Казахстан за рубеж, членами которой являются руководители структурных подразделений Генеральной прокуратуры Республики Казахстан, председателем – ректор Академии.

Организация направления сотрудников прокуратуры за рубеж осуществляется на основании приглашений компетентных органов, организаций, учреждений, в том числе международных и зарубежных, поступающих в Генеральную прокуратуру Республики Казахстан или Академию, и включает несколько этапов, которые координируются Академией.

Первый этап – отбор сотрудников. Включает сбор и предоставление необходимых материалов о кандидатурах, которые могут быть направлены за рубеж для повышения квалификации или участия в специализированных программах.

Второй этап – комиссионное рассмотрение кандидатур. Комиссия производит тщательное рассмотрение предложенных кандидатур, оценивает соответствие потребностям и требованиям, определяет наиболее подходящих кандидатов и выносит одно из решений:

рекомендовать направление сотрудников за рубеж или отказать. Решение Комиссии по кандидатурам вносится на утверждение Генеральному Прокурору Республики Казахстан.

Требования Регламента не распространяются на зарубежные командировки, связанные с:

✓ выполнением определенных задач и функций органов прокуратуры (экстрадиция, арбитраж и др.);

✓ участием в научных и научно-практических мероприятиях (конференциях, симпозиумах, саммитах и конгрессах);

✓ персональным приглашением или поручением Генерального Прокурора Республики Казахстан;

✓ полным или частичным самостоятельным возмещением расходов на поездку;

✓ участием в мероприятиях, предусмотренных Государственными программами Республики Казахстан.

С 2018 года Академией для участия в зарубежных мероприятиях направлено 332 сотрудника и обучающихся.

№	Категория	2018 год	2019 год	2020 год	2021 год	2022 год	май 2023 года	Всего
1.	Сотрудники прокуратуры	77	103	19	10	63	15	287
2.	Обучающиеся Академии	5	7	-	12	11	10	45
	ВСЕГО:	82	110	19	22	74	25	332

До момента объявления Всемирной организацией здравоохранения в марте 2020 года о пандемии нового коронавируса наблюдался рост числа сотрудников, направляемых за рубеж. Введенные ограничения и закрытие границ повлияли на снижение количества направляемых за рубеж. В 2020 году 19 сотрудников осуществили свои выезды до введения ограничений, в 2021 году – 22 после их послабления и в 2022 году после полного снятия ограничений рост числа сотрудников, направленных за рубеж, составил более чем в три раза.

Сотрудники прокуратуры направлялись в более 20 стран мира, помимо стран СНГ это: Австрия, Венгрия, Германия, Грузия, Египет, Израиль, Катар, Китай, Мальта, США, Таиланд, Турция, Франция, Южная Корея, Япония и другие.

Практически все выезды за рубеж организованы Академией при поддержке зарубежных партнеров и средства из государственного бюджета на эти цели не затрачивались.

В основном поддержку в организации участия сотрудников прокуратуры в зарубежных образовательных мероприятиях Академия получает от ОБСЕ, УНП ООН, проектов Европейского Союза и Совета Европы, а также неправительственных организаций и дипломатических миссий.

Тесное взаимодействие с Посольством США в Республике Казахстан позволило 22 сотрудникам прокуратуры принять участие в учебных программах Международной Академии правоохранительных органов в г. Будапешт (Венгрия), 5 – в Европейском Центре исследования проблем безопасности имени Дж. Маршалла в г. Гармиш-Партенкирхен (Германия), а также

12 сотрудникам в рамках программ «Международные визиты» (IVLP) и Центра стратегических исследований Ближнего Востока и Южной Азии (NESA). Тематика данных мероприятий была связана с противодействием транснациональной преступности, терроризму, киберпреступности, торговле людьми и развитию лидерских навыков.

Немаловажную роль в реализации программ повышения квалификации и обмена опытом сотрудников органов прокуратуры играют двусторонние соглашения Академии. Одним из ярких примеров такого сотрудничества – меморандумы о сотрудничестве с Московской и Санкт-Петербургскими академиями Следственного комитета Российской Федерации. С 2018 года прошли обучение по расследованию различных категорий уголовных правонарушений, организации деятельности следственных подразделений и взаимодействию следственных органов со средствами массовой информации 122 сотрудника прокуратуры, в том числе 29 очно, 93 – дистанционно.

Следует отметить продуктивное сотрудничество с Турецкой академией правосудия, в рамках взаимодействия с которой 12 сотрудников прокуратуры в 2022 году приняли участие в учебном курсе по противодействию терроризму.

Кроме того по инициативе Турецкой Академии правосудия в декабре 2022 года была создана Тюркская сеть судебно-правовой подготовки, в состав которой вошли научно-образовательные учреждения Генеральных прокуратур и Верховных судов Азербайджана, Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана и Венгрии. Одной

из задач Сети является организация научных и образовательных мероприятий с целью обмена передовым опытом и исследованиями.

В эпоху глобализации, когда мир становится все более взаимозависимым, а преступность не ограничивается границами отдельных стран, повышение кадрового потенциала сотрудников прокуратуры, как ключевого элемента правовой системы, становится необходимостью для эффективного противостояния современным вызовам и угрозам.

В этом контексте тематика наибольшего количества обучающих мероприятий была связана с выявлением, расследованием, пресечением таких видов преступной деятельности, как киберпреступления, наркопреступления, торговля людьми, терроризм и финансовые преступления, включая возврат похищенных активов, отмывание преступных доходов и финансирование терроризма и координацией деятельности правоохранительных органов в борьбе с глобальными угрозами.

Участие в научных мероприятиях, в свою очередь, способствовало обмену опытом, анализом передовых методов и практик, ознакомлению с современными тенденциями и научными достижениями, разработке новых подходов в противодействии преступности.

Развитие информационных технологий и доступность Интернета позволили принимать участие в программах обучения, предлагаемых зарубежными учебными заведениями и международными организациями.

Одной из таких программ является Европейская программа обучения в области прав человека для представителей юридических профессий (Human Rights Education for Legal Professionals – HELP), которая предоставляет возможность получить высококачественное образование и профессиональное развитие по 39 учебным модулям в сфере защиты прав человека (киберпреступность и электронные доказательства, защита персональных данных и право на конфиденциальность, противодействие пыткам, бытовому насилию, торговле людьми и другие).

Особая ценность методологии данной программы состоит в том, что курсы разрабатываются индивидуально, в соответствии со специфическими запросами на обучение и скоростью усвоения материала, что позволяет обеспечить необходимую гибкость, а также воз-

можностью взаимодействовать с опытными преподавателями и экспертами из разных стран Европы.

Участие в подобного рода обучения позволяет углубить свои знания, развить навыки и получить актуальную информацию о передовых методах и подходах, применяемых в странах Европейского Союза, способствует созданию профессиональных связей с коллегами из других стран.

Успешное окончание обучения по программе HELP подтверждается соответствующим сертификатом и в последующем прошедший обучение рассматривается как эксперт по соответствующему направлению.

Академией внесено предложение об определении в качестве дополнительного требования для направления за рубеж наличие сертификата HELP или другого иного документа, подтверждающего участие в образовательных мероприятиях по соответствующему направлению, как свидетельство стремления к профессиональному развитию и готовности к работе в международной среде, а также позволит повысить эффективность зарубежных командировок.

Сегодня, в эпоху передовых технологий и быстрого обмена информацией, мы более чем когда-либо осознаем, что проблемы и вызовы, с которыми мы сталкиваемся, имеют глобальный характер, и решение этих проблем требует сотрудничества и объединения ресурсов, знаний и опыта.

В такой ситуации обучение и повышение квалификации прокуроров за рубежом становится неотъемлемой частью процесса создания и совершенствования правовой системы. Знакомство с опытом и практикой других стран позволяет не только освоить новые знания и навыки, но и перенимать лучшие практики и адаптировать их к своим условиям. Обучение за рубежом расширяет горизонты профессиональных контактов и способствует созданию сильной и устойчивой сети правоохранителей разных стран.

Академия, осознавая свою миссию и ответственность по укреплению кадрового потенциала сотрудников правоохранительных органов, продолжит работу по укреплению связей с международными организациями и зарубежными научно-образовательными центрами, чтобы обеспечить наилучшие возможности для профессионального роста и развития сотрудников.



Құрметті
Абай Қоктеубайұлы Қашев!

Сізді 70 жасқа толу мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Сіз өз заманыңызда елге, халыққа адал қызмет жасаған, саналы ұрпақ өсірген аға буынсыз.

«Прокуратураның құрметті қызметкері», «Қазақстан Республикасының құрметті заңгері» атақтарының лайықты иегерісіз. 10 жылдан бері «Қазақстан Республикасы прокуратурасының Алматы қалалық ардагерлер бірлестігі» Қоғамдық бірлестігін басқарып отырсыз.

Қазақстан Республикасының Прокуратура органдары ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі республикалық одағының атынан Сізге аумақтағы ардагерлер қоғамдық бірлестігінде ардагерлермен жұмысты белсенді жандандырып, жас мамандарды тәрбиелеуге қосқан елеулі үлестеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Іске деген адалдығыңыз бен табандылығыңыз, жоғары адамгершілік сипатыңызбен Сіз прокуратура қызметкерлерінің және басқа да құқық қорғау органдары арасында абырой-беделге ие болдыңыз.

Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыңызға амандық пен баянды бақыт, әр күніңіз қуанышты, берекелі болуына шын жүректен тілегімізді білдіреміз!



«Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы» ғылыми журналы



Жаршының иесі және құрылтайшысы Академия болып табылады.

2016 жылдан бастап жылына төрт рет шығарылады. Жарияланым тілі – қазақ, орыс, ағылшын.

Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын жарияланымдар тізбесіне (ҚР БҒМ БСБК 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 52 бұйрығы (ҚБПҮ), «Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі» (РҒДИ) Ресейлік библиографиялық мәліметтер базасына және Қазақстандық дәйексөз базасына (ҚазДҚ) енгізілген.

Жаршыда заң ғылымдарының, ұлттық заңнама мен халықаралық құқықтың әртүрлі саласындағы теориялық және практикалық маңызы бар ғылыми мақалалар жарияланады.

Авторлық материалдар Журналда тегін жарияланады.

Журналдың ресми сайты: vestnikacademy.kz.



Собственником и учредителем Вестника является Академия.

С 2016 года выпускается четыре раза в год. Язык публикации – казахский, русский, английский.

Включен в **Перечень публикаций, рекомендуемых к публикации основных результатов научной деятельности** (приказ ККСОН МОН РК от 28 января 2021 года № 52 (ДСП), в Российскую библиографическую базу данных «**Российский индекс научного цитирования**» (РИНЦ) и в Казахстанскую базу цитирования (КазБЦ).

В Вестнике публикуются научные статьи, имеющие теоретическое и практическое значение в различных областях юридической науки, национального законодательства и международного права.

Официальный сайт Журнала: vestnikacademy.kz.



The owner and founder of the Bulletin is the Academy.

Since 2016, it is published four times a year. The language of publication is Kazakh, Russian, English.

It is included in the **List of publications recommended for publication of the main results of scientific activity** (Order No. 52 of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated January 28, 2021 (FAU), in the Russian Bibliographic Database "**Russian Science Citation Index**" (RSCI) and in the Kazakhstan Citation Database (KazBC).

The Journal publishes scientific articles of theoretical and practical importance in various fields of legal science, national legislation and international law.

The official website of the Journal: vestnikacademy.kz.

Басуға 2023 жылдың 26 маусымында қол қойылды. Көлемі - 40 бет.
«Заң және заман» журналы «Даму-Астана» ЖШС баспаханасында шығарылды.
010000, Астана қаласы, Көкарал көшесі, 2/1

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ
7 5 8 6 0
ПОДПИСНОЙ ИНДЕКС